Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№3 (1006)

22.01.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕДИЦИНА

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ АСҚАР МАМИН ЖАҢАРТЫЛҒАН ҚҰРАММЕН АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ. ЖИЫНДА ЕЛДЕГІ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒ-ДАЙ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ. ҚАЗАҚСТАНДА 1 АҚПАННАН БАСТАП ХАЛЫҚҚА ЖАППАЙ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ЕГІЛЕ БАСТАЙ-ДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ КЕЗІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АЛЕКСЕЙ ЦОЙ ХАБАРЛАДЫ.

ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУ БАСТАЛАДЫ

Министрлік жыл аяғына дейін 6 миллион адамға вакцина салуды жоспарлауда. *«Бірінші кезеңде инфекциялық аурухана, жедел жәрдем, реанимация бөлімі, аурухананың қабылдау бөлмесінде істейтін қызметкерлер, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына вакцина салынады. Бұл шамамен 100 мың адам. Вакцинация 2021 жылдың 1 ақпанынан басталады»,* – деді Цой. Оның айтуынша, екінші кезеңде жалпы білім беретін мектеп, жоғары оқу орындары, медициналық қызмет көрсететін мекеме мамандары қамтылады. Оларға наурыз айынан бастап дәрі салынады. Ал, сәуір айынан мектеп-интернат, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері, созылмалы аурумен ауыратын студенттердің кезегі келмек.

Ресей билігі сынақтың үшінші фазасы аяқталмай жатып екі вакцина – «Спутник V» және «ЭпиВакКорона» екпесінің тіркелгенін хабарлаған болатын. Тамыз айында екі ел арасында «Спутник V» вакцинасын жеткізу туралы келісім болған еді. Алайда халықаралық сарапшылар сынақтың үшінші кезеңі аяқталмағанын алға тартып, ресейлік вакцинаға күмәнмен қараған. Желтоқсан айының соңында «Қарағанды дәрі-дәрмек кешенінде» ресейлік «Спутник V» вакцинасы өндіріле бастады.

Денсаулық сақтау министрлігі тұрғындарға қазақстандық QazCovid-in вакцинасы да егілетінін атап өтті. Аталған вакцина қазірде клиникалық сынақтың үшінші кезеңінде. Отандық QazCovid-in 19 желтоқсаннан бастап 3 мың еріктіге егілген.

«Денсаулық сақтау министрлігінің болжау жөніндегі жұмыс тобы қолданыстағы шектеу шараларын, оның ішінде маска режимі мен әлеуметтік арақашықтықты сақтаған жағдайда және күтілетін вакцинацияны есепке ала отырып, 2021 жылдың соңына дейін эпидемиологиялық ахуалдың даму болжамын құрды. Аурудың шарықтау шегі наурыз айының соңында тіркелуі мүмкін», – дейді министр.

Айта кетсек, еліміздің Ақмола, Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласы «қызыл аймақта», Батыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстары «сары аймақта» тұр.

Д.БЕЙБІТ.

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2021 жылға жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Продолжается подписка на 2021 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

АПАТТЫ ҮЙДЕГІ АПАНЫҢ мәселесі шешіле ме?

«АЛАТАУ» газетінің өткен (15.01.2021 жылғы (№2) санында «Апатты үйдегі апа жанайқайына құлақ түріле ме?» деген атаумен талдықаланың орталығында орын тепкен Шевченко көшесіндегі құлауға шақ тұрған үйде үрейін уыстап отырған апаның жайын айтқан мақала шыққан болатын.

Мақала желісінде қала әкімінің орынбасары Асқар Бегманов апатты үйдегі апамен онлайн жүздесетіндігін, бұл іске қатысты нақты қандай шешім шығарылатындығы жайында газеттің осы санында жазатынымызды айттық. Сонымен, қала әкімінің орынбасары А. Әбдіғалиұлы апатты, ескі үйде күн кешіп келетін кейуана жанайқайына не деп жауап берді? Қарт үніне құлақ асатын болды ма?

Өткен жұмада әкім орынбасары А. Әбдіғалиұлы қала орталығындағы апатты үйдегі апаның жайын өз көзімен көріп қайтты. Оның не дегенін Цай Лидия Петровнаға телефон арқылы байланысқа шығып білген едік.

«Әкімнің орынбасарына барлық жағдайымды айттым. Оның сөзінше, біздің үй орын тепкен жер телімін сатып алу үшін Алматыдан арнайы инвесторлар келіп көріпті. Бірақ, бағасына осы үйде тұрып жатқан тұрғындар келіспеген. Неге десеңіз, олардың берген ақшасына үй ала алмайтындарын айтқан. Шынында, мен секілділер олардың берген ақшасына қандай үй алады? Дәл қазіргі таңда әкім орынбасарына маған мемлекеттен пәтер беруін өтіндім, денсаулығыма байланысты тұрақты температурадағы үй қажет екенін айттым. Алайда, бұл мәселе бойынша нақты ештеңе айтпады. Әзірге аптасына екі мәрте көмірмен қамтамасыз етуді уәде етті. Сонымен қатар, жүрегіме ота жасалып, қазіргі таңда аппарат арқылы жүргенімді де көрді. Осы тұста А. Бегманов мырзаға аппарат жалғанған жердегі тігісті күн сайын байлап таңатыныма екі мың теңгеден аса ақша кететіндігін айттым. Ол болса облыстық денсаулық сақтау басқармасына хабарласып, маған тегін қызмет көрсетуін де шешіп беретінін жеткізді» – деп ағынан жарылды кейуана.

Осы тұста біз әкім орынбасарының көмекшісі Аманжол Нұрғазыға хабарласып, мәнжайды сұрадық. Айтуынша, Асқар Әбдіғалиұлы бұл мәселеге қатысты нақты бір шешімнің жауабын айтпаған. Бірақ, материалдық жағынан, яғни, көмірден көмек берілетінін айтып, тапсырма берген. Ал үй беріле ме, жоқ па, оны қала әкімі ғана нақты айта алады деп қысқа жауап қайырды ол.

Апатты үйге барып, апаның жайын білгенде көмір мен медицина жағынан қолұшын беруге уәде еткен әкім орынбасары Асқар мырзаның айтқаны күні бүгінге дейін іске асырылмаған. Ал сейсенбі күні орынбасардың көмекшісіне хабарласып, істің неге кешеуілдеп жатқанын сұрағанымызда ол аптаның аяғына дейін көмірдің жеткізіліп беретінін айтты.

Әзірге бұл мәселе газет назарында болатынын айтқымыз келеді.

Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ

ЖАҢА ЖОБА

«ЖЕТІСУ ЕРТЕГІЛЕРІ» БАЙҚАУЫ ӨТЕДІ

Алматы облыстық «Қоғамдық келісім» КММ «Жетісу ертегілері» атты бірінші ертегілер байқауын жариялайды. Бұл туралы «Jetisy Media» ақпараттық алаңында мәлім болды.

Байқауға өңірдегі 71 этномәдени бірлестік қатысады. Сонымен қатар, жетісулық тұрғындар жас шамасына қарамастан бірегей туындыларын жібере алады.

«Ертегілер жинағын құру идеясы әжемнің немерелеріне айтқан қызықты ертегілерінен бастау алған еді. Әңгіме барысында әжем оларға отбасылық құндылықтар, достық, бейбітшілік пен бірлік туралы біліммен түсінік беретін. Бұл ұрпаққа мұра болатын құндылық. Сондықтан уақыт өте ұмытылған халық ертегілерін жандандыру мақсатында біз осы жобаны іске қосамыз», – дейді Алматы облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директоры Сандуғаш Дүйсенова.

Мазмұны мен тақырыбы бойынша үздік шыққан ертегі аудио форматқа ауыстырылып, PlayMarket және AppStore қосымшаларына орналастырылып, ашық қол жетімді болады. Бірегей қосымшаны өз саласының мамандары, Украинадан келген бағдарламашылар әзірлейді деп күтілуде.

Жоба жеңімпаздарының есімдері 22 ақпанда белгілі болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БИЗНЕС

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЖАЛПЫ СОМАСЫ 1,2 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ ПАЛАТАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Өңірлік палатаның директоры Әсет Шаяхметов мәлімеуінше, бизнестің түйткілді мәселелерінің қатарында мемлекеттік сатып алулар мен жер қатынастары саласы, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне шағымдар, салық, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мәселелер бар.

«2020 жылы палатаға кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау желісі бойынша заңды тұлғалардан 233 өтініш келіп түсті, оның 88-і оң шешімін тапты. Жалпы, біздің қолдауымыздың арқасында бизнес құқығы 1,2 млрд теңгеге қорғалды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда екі есе жоғары», –деп атап өтті Әсет Шаяхметов.

Мәселен, 2020 жылы Кәсіпкерлер палатасының өкілдері сотта «АЛСАД Қазақстан» ЖШС құқығын қорғап, сотқа үшінші тұлға ретінде қатысты. Компания соттан мемлекеттік органның әрекетін заңсыз деп тануды және 2020 жылғы наурыздан мамырға дейін тағамдық тауық жұмыртқасы өндірісінің құнын арзандатуға өтінімдер қабылдау және субсидиялар төлеу арқылы бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді талап етті. Азаматтық істі қарау қорытындысы бойынша сот кәсіпорынның 56 млн теңге көлеміндегі талап-арызын қанағаттандыру туралы шешім шығарды.

Сонымен қатар, палата сарапшыларымен 243 нормативтік-құқықтық актілер қаралды, олардың 57-і ескертулермен, 79-ы ескертулерсіз, 107-і кәсіпкерлер мүдделеріне қатысы жоқ.

Ш. ХАМИТОВ.

ЖИЫН

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Салтанат сарайында Талдықорған қалалық мәслихат депутаттарының шақырылуымен «Nur Otan» партиясының депутаттық фракция жиналысы өтті.

Аумақтық сайлау комиссиясының шешімі және Талдықорған қалалық филиалының Саяси кеңес Бюросының қаулысы негізінде қалалық мәслихатқа «Nur Otan» партиясына 15 депутаттық мандат орындары бөлініп, қаулыға сәйкес депутаттық фракция құрылды.

Депутаттық фракциясының жетекшілігіне бірауыздан А.Жазықбаев сайланды. Жаңа мандат иелері бірінші рет отырысқа қатысып отырғандықтан мәслихат депутаттарымен қалалық мәслихат хатшысы Т.Ахажан таныстырды.

Отырыс барысында бір ай ішінде жергілікті атқарушы органдармен бірге барлық көрсеткіштерді жыл бойынша бөле отырып, қалалық сайлауалды бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекіту бойынша міндеттер қойылды. Сондай-ақ, күн тәртібінде Талдықорған қалалық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясы жетекшісін және оның орынбасарын, Төралқаның жеке құрамын сайлау сынды мәселелер қарастырылды. Талдықорған қалалық мәслихатының хатшысы, мәслихат сессиясының төрағасы лауазымына ұсынылған кандидаттар талқыланып, дауысқа салынды.

Экономика, қаржы мәселелері және бюджет бойынша комиссия төрайымына Б.Ержанова, әлеуметтік қорғау, заңдылықты сақтау, қоршаған ортаны және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша комиссия төрағасына С. Джансенгіров ұсынылды. Ал, әлеуметтік-мәдени даму және жастармен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссия төрайымы болып Ж. Нұрлыбаева тағайындалды.

Д. БЕРЕКЕТ.

ӘЛЕУМЕТ

ТАРИФТЕР ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Баға көрсеткіші шарықтаған тұста коммуналдық қызмет саласындағы тариф құнының тұрақты болуы көңіл қуантады. 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 2020 жылдың 30 маусымына дейінгі аралықтағы төтенше жағдай кезеңінде 13 табиғи монополиялар субъектілері халық үшін тарифтерді төмендетті. Бұл жөнінде «Jetisy Media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз-мәслихатында айтылды.

Брифингте сөз алған табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Думан Қалибеков сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне 4 табиғи монополиялар субъектілері және жылумен, ыстық сумен жабдықтау қызметтері бойынша 4 табиғи монополиялар субъектілері 3-тен 10 пайызға дейін төмендегенін жеткізді. Айтуынша, газбен қамтамасыз ететін 4 кәсіпорынның тарифі 0,8-ден 1,7 пайызға дейін түссе, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС электр энергиясының құнын 2,9 пайызға азайтқан.

– ТМС-ның инвестициялық бағдарламалардың орындалуы және тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептерін талдау нәтижелері бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында Департаменттің 44 бұйрығы бойынша тұтынушылардан негізсіз алынған табыстың жалпы сомасы 1 211 001,84 мың теңгеге. Оның ішінде инвестициялық бағдарламалар бойынша 115 013,52 мың теңгеге және тарифтік сметалардың орындалу есептері бойынша 1 095 988,32 мың теңгеге уақытша өтемдік тарифтер (бұдан әрі - УӨТ) енгізілді. Осы жұмыстың нәтижесінде тарифтердің төмендеуі 0,17-ден 20,47%-ға дейін құрады,– дейді Д. Қалибеков.

Сондай-ақ, Талдықорған және Алматы өңірлерін энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясының орташа тарифі «халық» тобы үшін тиісінше 3 және 7,9 пайызға көтерілгеніне қарамастан, ол өзгерген жоқ. Осы уақытқа дейін табиғи монополиялар туралы заңнаманың сақталуын бақылау бойынша елеулі жұмыс жүргізілуде. Нақтылай кетсек, 2020 жылы 40 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы – 10 010 565 теңгені құраса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 7 хаттама сотқа қарау үшін жіберілді.

Мамандардың айтуынша, Мемлекет басшысы мен ҚР Үкіметінің тапсырмаларын орындау аясында Департаментпен 2021 жылдың соңына дейін базалық субъектілердің «халық» санаты үшін жылумен, сумен жабдықтау, су бұру, газдандыру және электр энергиясын тасымалдау қызметтеріне тарифтер өскен жоқ, яғни 2020 жылдың төңірегінде қалады.

Айта кететін тағы бір мәселе, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, барлық топ санаттары үшін тарифті 1,1 пайызға дейін өз еркімен төмендетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВАКЦИНАЦИЯ

КАЗАХСТАНЦЕВ ПЛАНИРУЮТ ПРИВИТЬ ОТ КОРОНАВИРУСА

ГЛАВА КАЗАХСТАНСКОГО МИНЗДРАВА НА ОНЛАЙН-ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА РАССКАЗАЛ, КОГДА И КОГО ВАКЦИНИРУЮТ В СТРАНЕ ОТ КОРОНАВИРУСА

Алексей Цой сообщил, что Минздрав провел работу по ускоренному старту вакцинации против COVID-19. Напомним, она начнется с 1 февраля этого года. Ожидается, что вакцинация будет проводиться поэтапно, с учетом поступления вакцины.

В первую очередь вакцинируют сотрудников "инфекционок", скорой медпомощи, отделений реанимации, ПМСП, приемных покоев больниц, СЭС. На этом этапе с 1 февраля планируется вакцинировать около 100 тыс. человек.

На втором этапе планируется вакцинировать педагогов школ, вузов, работников ведомственных медслужб - всего порядка 150 тыс. человек. Этот этап стартует, по прогнозам Минздрава, с марта 2021 года. На третьем этапе вакцинированы будут работники интернатов, детсадов, студенты, лица с хроническими заболеваниями - речь идет о 600 тыс. человек.

Эти работы планируется начать с апреля 2021 года. Всего до конца этого года планируется вакцинировать от КВИ до 6 млн казахстанцев.

"Вакцинация 2 млн человек на первом этапе окажет положительное влияние на развитие эпидемии, которое будет ограничено временем, необходимым на выработку иммунитета, которое необходимо после вакцинации, невозможностью одномоментной вакцинацией большого количества населения.

По нашим расчетам, вакцинация 2 млн человек уменьшит количество зарегистрированных случаев на 40 тыс. Соответственно, чем больше охват вакцинацией, тем меньше будет заболеваемость и смертность от КВИ и выше вероятность возврата к жизни без ограничительных мер и локдаунов", - резюмировал глава Минздрава.

Также глава Минздрава на онлайн-заседании правительства заявил о разработанном для казахстанцев электронном паспорте вакцинации - с его помощью граждане смогут предоставить данные о своем вакцинировании «по месту требования и для свободного передвижения».

«В целях систематизированного учета разработан электронный паспорт вакцинации - данные о проведении вакцинации будут вводиться в электронном формате в централизованную информационную систему министерства.

Имеется возможность внесения информации вручную в мобильном приложении m-gov пациентом и медицинским работником, а также в веб-приложении. Система способна интегрироваться с глобальными информационными системами, и позволит всем лицам, получившим вакцинацию, предоставлять информацию по месту требования и для свободного передвижения», - заявил министр Алексей Цой.

СОБ.КОРР.

ДЕЛО ЖИЗНИ

«МОЯ ПРОФЕССИЯ - ВОСПИТАТЕЛЬ»

«Воспитатель — это волшебник, который открывает детям дверь в мир взрослых. И от того, что знает и умеет воспитатель, зависит и то, чему и как он научит своих воспитанников».

К. ГЕЛЬВЕЦИЙ

Почему каждый из нас вновь и вновь размышляет о сущности педагогической деятельности? Причина проста – хочется понять тот мотив, который заставляет заниматься этим трудным всепоглощающим делом. И если уж отдали этому делу всю теплоту своей души, частичку себя, то что дальше, что взамен?

А ответ лежит на поверхности: педагоги в большинстве своём люди особенные, бессребреники не ждущие от судьбы ни почестей ни наград, просто хочется быть значимыми, востребованными, хочется окунуться в мир детства, найти с детьми общие точки соприкосновения.

Впервые переступив порог детского сада, я увидела эти любопытные, искрящиеся глаза, почувствовала мягкие, теплые ладошки, ощутила живой интерес ребятишек к новым открытиям и поняла, что нашла свое место, свое призвание.

И вот за плечами седьмой работы, даже не работы, а состояния постоянного творческого поиска, сопричастности к развитию личности моих маленьких друзей.

Все- таки, удивительная это профессия - воспитатель! Работа с детьми дает возможность проявить человеку все самое хорошее, что в нем заложено, все его способности. Кто-то хочет быть певцом – но голос не тот, мечтает быть актером, но не решается, думает о славе художника, но способности не те…. А в детском саду воспитатель может реализовать все свои желания – и петь, и танцевать, и рисовать, и быть артистом. Ну какой народный артист может похвастаться двумя ролями в течение 2 часов?! А воспитатель может быть на одном утреннике Бабой ягой, а на другом – Белоснежкой! И всегда он найдет самых благодарных зрителей, самых независимых судей – в лице детей.

И теперь я все чаще задаю себе вопрос: «Каким же должен быть современный воспитатель, чтобы удовлетворять высоким требованиям творца человеческой личности?»

Мой небольшой опыт позволил мне сделать следующие выводы:

• Современный воспитатель должен любить детей, ибо воспитание — длительный процесс, требующий большого терпения и душевной щедрости.

• Воспитатель должен много знать. Передним стоит не простая задача – научить ребенка воспринимать и понимать все прекрасное в мире; природу, музыку, поэзию.

• Воспитатель должен много уметь: шить, мастерить, играть и петь с детьми. Воспитатель всегда должен быть интересен для своих детей.

• Воспитатель постоянно должен совершенствовать свое мастерство, используя достижения педагогической науки и передовой практики. Должен идти вперед, осваивать инновационные технологии, нетрадиционные методы, но и не должен забывать доброе старое, например- устное народное творчество.

Вот такими «дорогами счастья» идут педагоги, мучаясь и терзаясь, но всё же достигая поставленных целей. А награда – это чистые как родник детские глаза, обращённые к тебе- Воспитатель. И я горжусь тем, что я - воспитатель и причастна к созданию будущего нашей страны.

Юлия ПАРХОМЕНКО,
Воспитатель д.с."Балапан-Сабрина." г. Талдыкорган.

МИРОВЫЕ НОВОСТИ

ГЛАВУ SAMSUNG ПРИГОВОРИЛИ К 30 МЕСЯЦАМ ТЮРЬМЫ

Высокий суд Сеула признал Ли Чже Ёна виновным во взяточничестве, растрате и сокрытии преступных доходов на сумму около 8,6 млрд вон.

Суд в Южной Корее приговорил вице-президента SamsungElectronics
Ли Чжэ Ёна к двум годам и шести месяцам тюремного заключения, сообщает Reuters.

В 2017 году Ли был признан виновным в даче взятки партнёру бывше-
го президента страны Пак Кын Хе за то, чтобы власти не мешали слиянию
холдинга с одной из строительных компаний. Главу Samsung Electronics
заключили в тюрьму на пять лет. Он отрицал свою вину, после подачи
апелляции приговор был смягчён, и год спустя Ли освободили. Позже
Верховный суд отправил дело обратно в Высокий суд Сеула. Новые обви-
нения Ли предъявили несмотря на то, что ранее общественная комиссия
рекомендовала прокуратуре снять с него все обвинения и прекратить рас-
следовать обстоятельства перехода власти в SamsungGroup.

Высокий суд Сеула признал Ли виновным во взяточничестве, растра-
те и сокрытии преступных доходов на сумму около 8,6 млрд вон (7,8 млн
долларов). После возвращения Ли Чжэ Ёна в тюрьму ожидается, что год,
который он уже отсидел в заключении до этого, будет засчитан в выне-
сенном новом приговоре, и ему останется отбыть наказание сроком в 18
месяцев.

Ли будет временно отстранён от принятия важных решений в Samsung
Electronics. Он также не сможет контролировать процесс наследования от
своего отца, который умер в октябре прошлого года.

Ли Чжэ Ён фактически возглавил руководство Samsung Group в 2014
году после того, как его отец Ли Гон Хи отошёл от дел по состоянию здо-
ровья.

Акции Samsung Electronics потеряли 4% после оглашения решения суда.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

• ОБРАЗОВАНИЕ

РОДИТЕЛЬ — ГЛАВНЫЙ ВОСПИТАТЕЛЬ, ПЕДАГОГ

«РОДИТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ», - ПОД ТАКИМ НАЗВАНИЕМ В НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН С НОВОГО УЧЕБНОГО ГОДА СТАРТОВАЛОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЕКТ, ЦЕЛЬЮ КОТОРОЙ ЯВЛЯЕТСЯ ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И КОМПЕТЕНТНОСТИ РОДИТЕЛЕЙ В ВОПРОСАХ ВОСПИТАНИЯ И РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ.

Педагоги-организаторы-кураторы Интеллектуальной школы проводят онлайн встречи с родителями учащихся. В вебинаре затрагиваются самые актуальные темы детско-родительских отношений.

На онлайн площадке ежемесячно проходят встречи с родителями учащихся 7-12 классов, где они обучаются способам поддержки учащихся в период дистанционного обучения. Кроме этого, на все вопросы родителей отвечают и компетентные специалисты.

- Нынешняя ситуация является новой и напряжённой, и нашим детям необходимо больше поддержки, чем обычно. Теперь мы - родители являемся словно правой рукой учителя. Мы должны по необходимости помогать в обучении, быть в курсе событий и поддерживать его в привыкании к онлайн формату, - делится своим советом Асель Джалгаспаева, родитель учащихся 9 и 7 классов Айгерим Аубакировой, Адильжан Мурат.

Также родители активно подключаются к школьным проектам, таким как благотворительные акции в помощь пожилым людям, многодетным и малообеспеченным семьям, проводят творческие семейные субботы, помогают своим детям осваивать игру на музыкальных инструментах, вместе следить за физическим здоровьем, участвуют во всех школьных акциях.

Так, в рамках проекта «Ұрпақтар сабақтастығы», к международному Дню пожилых людей в этом году родители учащихся Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган вручили одиноким пенсионерам продуктовые корзины, оказали поддержку областным учреждениям, таким как Дом мамы, «Дома Ребенка», детский дом «Айналайын». Ребёнку также нужна помощь в организации досуга. Разнообразить дистанционное обучение помогают творческие онлайн-занятия, конференции, семинар-практикумы.Мастер-класс по созданию эко-сумок провела по проекту «День творчества семьи» Карлыгаш Муканова, родитель ученицы 12 класса Анель Ким. По ее словам,основа для сохранения контакта со своим ребенком - искренняя заинтересованность во всем, что происходит в его жизни, искреннее любопытство к его проблемам, желание понимать, желание наблюдать за всеми изменениями, которые происходят в душе и сознании растущего человека.

- Школа - это совместное предприятие, которое объединяет родителей, учителей и школьную администрацию вокруг общей цели. Цель эта — благополучие и счастье каждого отдельного ребёнка. Поэтому я, как родитель стараюсь слышать, вместе решать поставленные задачи и быть хорошим примером для своего ребенка, - рассказала в своем интервью Елена Ким, родитель учащихся 7, 12 классов Алима и Карины Тлеулиевых.

«Родительский университет» успешно продолжает свою работу. Согласно анкетам обратной связи, слушатели высоко оценили выступления и темы, затронутые в вебинарах.

Карина ПФАЙФЕР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚАЗАҚ ТІЛІ

немесе ант бұзған халық қалаулылары

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛЫП, ӨЗ АЛДЫНА ЖЕКЕ МЕМЛЕКЕТ БОЛҒАЛЫ 30 ЖЫЛ ТОЛҒАНЫМЕН, ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖЕТІМ БАЛАНЫҢ КҮЙІН КЕШІП, БОСАҒА ЖАҒАЛАП ЖҮРГЕНІН ШЫҚҚЫР КӨЗІМІЗ ӘЛІ КҮНГЕ КӨРІП КЕЛЕДІ. КҮНДЕЛІКТІ КҮЙБЕҢ ТІРЛІКТІҢ ҚАЙ КЕЗІНДЕ БОЛМАСЫН БАРҒАН ЖЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ЖЕЛІМДЕЙ ЖАБЫСЫП, ҚОСАМЖАРЛАСҚАН ОРЫС ТІЛІНСІЗ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІЛМЕЙТІНІ ТАҒЫ БАР. АНА ТІЛІМІЗДЕГІ ЖАРЫМЖАН ЖАРНАМАЛАР МЕН ОҚУЛЫҚТАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР ЖАЙЫ АЙТЫЛА-АЙТЫЛА ЖАУЫР БОЛҒАЛЫ ҚАШАН?! БҰЛ АЗ БОЛҒАНДАЙ ЕНДІ ЕЛДІҢ МҰҢЫН МҰҢДАП, ЖОҒЫН ЖОҚТАЙДЫ ДЕП СЕНГЕН ДЕПУТАТТАР ҚАУЫМЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРМЕК ТҮГІЛІ, КӨКТЕТПЕЙТІНДЕЙ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАДЫ.

Өткен жылдың соңғы тоқсанынан бастап «праймериз, сайлау» деп алашапқынға түсіп, әйтеуір жыл басында алаулатып, жалаулатып ҚР Парламенті Мәжілісі мен өңірлік депутаттарын сайладық.Улатып-шулатып жүріп өткізген сайлаудың жыры бөлек әңгіме. Алайда «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, қызықтың бәрі сол елдің елеулісі, халықтың қалаулысы деп танылып, мыңның ішінен мықты деп сараланған депутаттардың ант беру рәсімінде басталды. Мемлекеттік тілді меңгере алмаса да, шенділер қатарына қосылып, мемлекеттің ісін жүргізуге ниеттілер салтанатты шарада айналдырған бір-екі ауыз сөзді айта алмай, «мақтаған қыз тойда бүлдіредінің» кебін киді. Қолдарына күні бұрын беріліп, тайға таңба басқандай анық жазылған кішігірім «ант» мәтінін мемлекеттік тілде жаттамақ түгіл, оқып бере алмай, тілі жаңа шыққан баладай күрмелген депутаттар ертеңгі күні елдегі өзекті мәселені көтеріп, қазақтың мүддесі үшін қалай жұмыс жасамақ? Әлгі праймериз арқылы кандидаттарды іріктегенде неге олардың мемлекеттік тілге деген көзқарасы таразыға тартылмаған? Әлде көкесі мен жәкелері қолұшын созып жіберді ме? Олай демеске лаж жоқ. Бірінен соң бірі мінберге көтерілген ант берушілер құдды бір ақылдасып алғандай-ақ. Жандарбек ақын айтқандай «мыңқ-мыңқ», «быдық-быдық» деп анттың дал-дұлын шығарды. Тіпті кейбірі өз тілінде емес, мүлдем бейтаныс өзге тілде сөйледі ме дерсің. Төрткүл дүниеге жеке бастары ғана күлкі болса бір сәрі, білдей бір мемлекетті ұятқа қалдырды. Тек бұл ғана емес, отыз жыл оңала алмаған қазақ тілінің мәртебесін әкім-қаралардың өзі де менсінбей, жиналысты мемлекеттік тілмен ашып, артынша орысшаға ойысатыны ащы болса да шындық. Мейлі заң органдары, сот, ішкі істер саласының жиыны болсын, залда

90 пайыз қазақ отырса да, баяндамалар ресми тілде жасалатындықтан, кейде тіпті өзіңнің қай елде өмір сүретініңнен шатасасың. Ал, енді әлгі не қағазға қарап, не жатқа айта алмаған ант берушілер алдағы күндерде заң тармақтарын қалай сараптайды? Мәселен, заң қазақ тілінде төменгі палатаға келіп түсті делік. Талқылау барысында тілдік қоры мүлдем нашар депутаттар не істейді? Соның салдарынан шала-пұла заң қабылданып кетпей ме? Онсыз да қазір бір жыныстылар мен отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты заңға бола айқай-шу туып жатқан жоқ па? Осыдан кейін «балық басынан шіридіні» айтпастан басқа амалың қалмайды.

Шынымен де, ел тағдырын алдағы бес жылда өз қолына алған депутаттардың бұл әрекетін халық әсте қаламайды. Мәселен, Түркия президенті Ердоғанның шет елдегі бір сапарында күллі мемлекет басшыларын көзінше аяғының астында жатқан мемлекеттік туын көтеріп, төс қалтасына салғанына барша жұрт сүйініп еді. Ал, бізде ту мен гимнді мазақ етіп, мемлекеттік тілді де қорлап жатады. Оның жарқын айғағын күні кеше ғана ант қабылдаған депутаттар көрсетті.

***«Тіл тағдырын ойласам ұйқым қашты,
Қайран тілім қайтейін сыйқың қашты.
Түсінбейтін тілімді қандасымнан,
Түсінетін ымымды итім жақсы»,–дейді Балғынбек пен Жандарбек ақын. Адам баласын итке теңегеннен аулақпыз. Бірақ, ымды түсінген ит пен тілді түсінбеген адамның арасы жер мен көктей емес пе?***

Рәсімнен кейін интернет желісінде оларды жерден алып, жерге салған небір пікірлер жазылды. Ал, халықтың пікірін елеп-ескеріп, кешірім сұраған бір депутатты көрсек көзіміз шықсын. Күні бүгінге дейін бұл турасында тіл жанашырлары шыр-пыр болып, көптеген мінбеде сөз алып, өзекті мәселелерді көтеруіндей-ақ көтерді. Алайда «баяғы жартас сол жартас» күйінде қалып келеді. Тілге жаны ашитындардың қатарында талай жылдан бері қазақ тіліне қызмет етуді азаматтық борышы санап келетін филология ғылымдарының докторы Оғыз Доған да бар. Екі сөздің басын құрай алмай кібіртіктеген кей депутаттардың қылығына қарап ашынғанын әрі ұялғанын айтқан ол депутат ұлттың өкілі болғандықтан көпшілік алдында сөзін ұғынықты, айтар ойын еркін жеткізуге міндетті дейді. *«Олар қазақ тілін еркін меңгергенімен, ел алдында сөз сөйлеуден қысылатын шығар. Бірақ, мәжіліс – көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін тәжірибе жинау алаңы емес екенін ұғынған жөн. Халықтың қалаулысы болу үшін сөзге шешен болудың да керегі шамалы. Тек мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі, тым құрығанда жазылған мәтінді сауатты оқуы керек еді»* деген ол, депутаттыққа үміткерлерді саралау барысында тілдік сынақты тегеурінді өткізу керек деп есептейді.

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, билік басында ұлттың тілін ұлықтап, мәртебесін көтеруге үлес қосушылар да жетерлік. Алайда жалғыздың үні шықпайтыны анық. Осындайда әр нәрседен өзімізді ақтап алып, шаң жуытпауға әуестігіміз тағы бар. Мемлекеттік тілді білуге құлқының жоқтығын көрсеткенше, «жетпіс жыл орыстың боданында болдық, тіл мен дінді күштеп ұмыттырды» деп өткен ғасырға итере салу – жауапкершіліктен жалтару. Дербес мемлекет болып, тәуелсіздігі мен өз ана тілі бар ел болғанымызға ширек ғасырдан асты емес пе? Біз кімді алдап, кімнің алдында ақталып жүрміз сонда? Үйренемін деген ниет болса, осы аралықта қазақ тілінің жілігін шағып, майын ішетін уақыт жетті ғой?! Тіпті одақтас ел құрамында болып, бізбен қатар ес біліп, етек жиған өзге мемлекеттерді көргенде көңілің күзгі аспандай күрт бұзылады. Сөзімізге дәйек болсын, Әзірбайжан елінде мемлекеттік қызметкер мемлекеттік тілді білуге міндетті деген жазылмаған заң бар. Ел саясаткерлерінің айтуынша, мемлекеттік қызметке орналасу үшін арнайы іріктеуден өткенде әзірбайжан тілінен емтихан тапсыру талап етілмейді. Себебі, ол мемлекеттік тілді білмесе онсыз да мемқызметке талпынбайтын көрінеді. Осы тұрғыда *«Өзге мемлекеттерде сол елдің мемлекеттік тілінен бір-екі қате жіберген жауапты қызметкерлерін бірден орнынан алып тастайды. Ал бізде мың қате жіберсе де мыңқ етпейміз. Қарап отырсақ, біз өзінің мемлекеттік тілін қорлап отырған әлемдегі жалғыз мемлекетпіз. Осыдан кейін өзге мемлекеттер басынды деп несіне ренжиміз?!»* деп жазушы Дулат Исабеков те жеке пікірін білдірген. Осындайда «Жұрттың Ыбырайы – Ыбырай, біздің Ыбырай – сұмырай» деп бір-бірін қалжыңмен қағытқандарды көп естуші едік, қазір дәл соның кебі келіп тұрғандай.

Біздің мемлекетте де тәртіп ұқсас. Ел Президенті мұндай емтихан тапсырғанымен, депутаттар қауымы бұл сынақтан босатылған. Дегенмен тек қана депутаттардан емес, қазақ мемлекетін басқаруға ниетті әр шенеуніктен қазақ тілін білуді талап ететін уақыт келіп жетті. Осылай айтамыз-ау, бірақ «келіп жетті» деудің өзі де ұят. Себебі, әлеуметтік желіде осыған қатысты айтылған бір пікір ойға оралды. *«Сөйтетін уақыт келді», «өйтетін шақ туды», «бүйтетін кез жетті»... Әлдебір өтірікті өткізерде, қазақты әлденемен алдандырарда, жыл ауысқан сәттерде, наразы көптің аптығын басу үшін ғана айтылатын осындай жаттанды сөздер жүйкеге тиіп бітті әбден. Отыз жылдан бері бұ не деген «келіп болмайтын уақыт», «туып бітпейтін шақ», «жетіп тынбайтын кез» өзі?!»* деген желі пайдаланушысының сөзінен жасайтын уақыт келеді деп болашаққа құр үміт артудан басқа түк бітірмей жүргенімізге налығанын аңғарасыз. Айтса айтқандай-ақ, аспанға алақан жайып «алма піс, аузыма түс» дегеннен ештеңе шықпайды. Сондықтан нақты іс-әрекетпен жұмыс атқарар шенділер керек-ақ бұл халыққа.

Бұл ант беру бұрынғыдан өзгерек болғаны сонша, рәсім өте салысымен дүрліккен жұрттың пікірінен әлеуметтік желі жарылардай болды. Солардың қатарында азулы айтыс ақыны Жандарбек Бұлғақовтың бейнежазбасы көпшілік ойын дөп басып анық жеткізгендей. Себебі, болған болмысты батырып айтқан ақынның желідегі жазбасына жарыса пікір білдіріп, қолдау көрсеткендер қатары қалың. Бұл мәселені ақындар тек бүгін ғана қаузап жүрген жоқ.

«Жемқор аузын тыймай жүр,
Қу дүниені қимай жүр,
Бәрі сыйған аузына,
Қазақ тілі сыймай жүр»,– деген Балғынбек пен Жандарбектің ащы жырына осыған дейін құлақ асқан қайбір билік, жауап берген қай шен-шекпенді бар дейсіз?!

ТҮЙІН ОРНЫНА: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген хәкім Абай өз дәуірінде қайран жұртымдап кеткен еді. Ал бүгінгі жұрт «қайран тілімге» салып, жоғарыдағылардың тіл мәртебесін ұшпаққа ұшырмаса да, құрметпен қарауына үміт артып жүр. Алайда тілдің ту-талақайын шығарған халық қалаулылары мемлекеттік тілді биікке көтеріп, проблемасын шешу былай тұрсын, керісінше халықтың өзіне проблема тауып бере ме деген ойға қаласың. Осындайда «Алашұбар тілің болады, дүдәмәлдау дінің болады» деген Мөңке би сөзінің айна-қатесіз келгеніне қайран қалғаннан басқа амал жоқ. Бәлкім, сәт санап өзгеретін заңдардың қатарына мемлекеттік тілді меңгермегендерге төрден орын берілмейді деген заң баптарын қосса, ентігін баса алмай жүргендер есін жинап, бір-ақ сәтте қазақ тілінде бұлбұлша сайрап кетер...

Лина АЙДЫН

Суреттер ғаламтордан алынды

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ЖЕЗӨКШЕЛІКТІ ЗАҢДАСТЫРУ қажет пе?

ЖЕЗӨКШЕЛІК ЖӘНЕ ЖЕЗӨКШЕЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА МЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ ЖАЙЛЫ ҚОҒАМДА ТҮРЛІ ПІКІРЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР БАР. СОЛ ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ІШІНДЕГІ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КЕҢ ЕТЕК ЖАЙҒАНДАРЫНЫҢ БІРІ – МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ ҮШІН ЖЕЗӨКШЕЛІКПЕН АЙНАЛЫСУШЫЛЫҚТЫ ЗАҢДАСТЫРЫП, КӘСІП ТҮРІ РЕТІНДЕ ТІРКЕП, ОЛАРДЫҢ РЕСМИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРІ ҮШІН КӨПШІЛІК ҮЙЛЕРІН АШУ.

Елімізде жезөкшелікпен айналысушылыққа «лицензия» беріп, ресми түрде көпшілік үйлерді (бордельдерді) ашудың тигізетін зиянынан гөрі пайдалы жағы басымырақ болады деушілер, осы құбылысты заңдастырудың төмендегідей жақсы жақтарын сілтеп көрсетуде.

Біріншіден, ол демографиялық құраушы. Еліміз ТМД-дағы өзге де елдер тәрізді әлемдік секс индустрияның өндіргіш күштерін «жұмысшыларын» Батыс елдеріне «экспорттаушы» мемлекет, ал жезөкшелерге өз кәсіптерімен алаңсыз айналысуға қолайлы жағдай тудырылатын болсақ, жезөкшелікті заңдастырып, көпшілік үйлерінің ресми жұмыс істеуіне рұқсат берілетін болса, шетел асып «жұмыс» іздеп кетушілердің де саны күрт азаяр еді.

Екіншіден, ол экономикалық құраушы. Жыл сайын жезөкшелердің тән саудасымен айналысуынан түсетін миллиондаған АҚШ долларымен өлшенетін табыс қазіргі жағдайдағыдай шет елдік көпшілік үйі иелерінің, қожайындары мен қамқоршыларының қалталарына емес, өзіміздің мемлекеттік бюджет қорына құйылар еді. Сонымен қоса, қазіргі етек жайып кеткен көлеңкелі жезөкшелікпен айналысушылардың «крышалары»: ұйымдасқан қылмыстық топтар, притондарды ұстаушылар мен «жеңгетайлар» және өзге де қылмыстық заңнамалар пен қоғамдық тәртіпті бұзушылардың қалыпты өмір сүруі үшін жезөкшелерден жиналатын «алым-салықтар» тоқтатылатын еді. Жезөкшелік қызмет көрсетушілердің арқасында арамтамақтық тірлік салтын ұстағандар «шөміштерінен» қағылып, мемлекеттегі көлеңкелі экономиканың деңгейі айтарлықтай төмендейтін де еді. Үшіншіден, денсаулық сақтау және санитарлық эпидемиологиялық құраушы. Әрбір жезөкшелік ісімен айналысушылырдың үй-жайлары мен көпшілік үйлерінің санитарлық нормаларға сәйкестігі, ол орындарда тазалықтың сақталуы және де бастысы сексуалдық қызмет көрсетушілердің денсаулық жағдайлары үнемі уәкілетті органдарының бақылауында болар еді.

Төртіншіден, әлеуметтік құраушы. Жезөкшелікпен айналысушылардың болашағына да мән беріліп, әр сексқызметшінің бейімділігі мен таңдауына қарай түрлі кәсіби техникалық мамандықтарды оқыту жұмыстары қалыпқа қойылып, болашақта «зейнет» жасына жеткен жезөкшелер өз күндерін өздері көре алатындай маман иелеріне айналып шығар еді.

Бесіншіден, құқық қорғаушылық фактор. Жезөкшелікті заңдастыру осы азғындықпен айналысушылықтан пайда болатын притондарды ұйымдастыру не оларды ұстау, «жеңгетайлық» және осы құбылыспен байланысты пайда болатын өзге де қылмыстық заңнама мен қоғамдық тәртіпті бұзатын құқық бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік берер еді.

Жезөкшелікпен айналысушылықты заңдастырып, ресми көпшілік үйлерін ашуды жақтаушылардың ұсынып отырған пікірлері бір қарағанда орынды-ақ сияқты болып көрінгенімен, «кез келген таяқтың екі ұшы болады» дей келе, көрсетілген ұсынысты өмірге келтіру – ұлтымыздың сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан мұра болып келетін әдет-ғұрыптарымыз бен моральға жат. Жезөкшелікті заңдастыруға қарсы пікір білдірушілердің айтар уәждері мен байлаулары мынадай: Біріншіден, ұлттық сана мен жастар тәрбиесіне қайшы. Қазақстанда жезөкшелікпен айналысуға лицензия беріп, ресми көпшілік үйлерін ашу дегеніміз – моральдық ұстанымдар мен адамгершілікке жат құбылысты заңдастырып, оны насихаттау және жарнамалау іспетті. Бұл шараны қолдану – кәмелеттік жасқа толмағандардың мінез-құлқының қалыптасып, психологиясының орнығуына, қыз балалардың жыныстық жетілу кезеңінде олардың санасына теріс ықпалын тигізеді. Қыздар көпшілік үйлеріндегі «заңмен мақұлданған» әпкелеріне еліктеп, тән саудасымен жан қинамай табыс табуды көздеп, жезөкшелік кәсібінің «әліппесін» үйренуді ерте жастан-ақ бастап кетер. Екіншіден, жұмыспен қамтылу факторы. Көпшілік үйлерінде жезөкшелікпен айналысу заңдастырылғанның өзінде, жұмысқа негізінен 18 бен 25 жас аралығындағы, сымбаттары осы қызмет түрімен айналысуға келіті, медициналық сараптама қорытындысы бойынша – денсаулықтарында ақау жоқ деп танылған, мінез-құлқында ауытқулар байқалмаған әйел жыныстылар іріктеліпіп алынады. Демек, бұрын сотталғандар мен қоғамдық тәртіпті сақтау органдарында, нарко-, туб, психдиспансерлерінде тіркеуде тұрғандар, дене тұрқында кемістіктері барлар, кәмелеттік жасқа толмағандар мен осы кәсіппен айналысуға жасы ұлғайған әйел жыныстылар көпшілік үйлеріне жұмысқа алынбайды. Ондай болса, қазіргі уақытта жезөкшелікпен айналысып жүргендер қауымының басым көпшілігі жасырын жезөкшелікпен айналысуға бас бұрады. Көпшілік үйлеріндегі қызмет көрсететін жезөкшелермен салыстырғанда «төменгі тап» жезөкшелерінің қызметақылары біршама төмен болатындықтан, клиенттердің де арасында әрдайым сұранысқа ие болады. Үшіншіден, нарықтық экономика факторы. «Сұранысты» елемей, көпшілік үйлерінің көптен ашыла бастайтындығы нарықтық заң. Нарықтық экономикадағы басты заңдалықтардың бірі: дәрежелері бірдей көпшілік үйлері өзара бәсекеге түседі және олардың біраз бөлігі банкроттыққа ұшырайды. Осындай жағдай орнағанда жезөкшелердің біршамасы жұмыссыз қалып, притондар мен жасырын көше жезөкшелерінің қатарына қосылуға мәжбүр болады. Себебі, жастайынан осы кәсіпке еттері үйреніп, өмір салтына айналып қалған жезөкшелікпен айналысуда бас тартып, қол үзуі өте қиын, әрі қазіргі жұмыссыздық жайлаған қиынқыстау заманында жұмыс табу оңай шаруа емес. Тарихқа көз жүгіртіп өтсек, осыған ұқсас құбылыстар да болған. Мысалға, Петербург қаласында 1879-1891 жылдар аралығындағы 206 көпшілік үйлерінің 136-сы жабылып тек 70-і қалған. «Штаттық қысқартуға» ұшыраған 920 жезөкшелер жасырын «жұмыс» істейтін көше жезөкшелерінің қатарына қосылған. Төртіншіден, әлеуметтік қамсыздандырылу факторы.

Жезөкшелік ешқандай да мамандық емес, ол уақытша кәсіптің түрі ғана. Сексқызметшілердің жасы ұлғайып не болмаса денсаулықтары сыр бере қалған кезде олардың көпшілік үйлерінде ұзақ жылдар бойы «жемісті» еңбек еткеніне қарамай, «кәсіби қызмет көрсетуге лайық емес» кадрлар ретінде жұмыстан дереу қысқартылып кететіндігін түсіну қиын емес. Жезөкшелердің еңбек кітапшаларына «кәсібі жезөкше» деген жазу жазылмайтын болғанымен, зинақор үйлерінде жұртшылық назарына ілігіп, көпшілік арасында танылып қалатындықтан, болашақта да тұрмыс құрып, күйеуге шығу мүмкіндіктері де шектеліп қалады.

Қосымша фактор. Жезөкшелікпен айналысушылықты ресми заңдастырудың арты түрлі қатерлерге алып келіп соғуы мүмкін, күні ертең ол құбылыстың ізін ала басушы басқа да арсыздықтардың бой көтеру мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Қазіргі уақытта еліміздің моральдық, адамгершілік игіліктеріне қауіп таныта бастаған – жыныстық азшылық: гомосексуалисттер мен лезбияндар. Қашып-пысып, жасырын жүріп өмір сүруден мезі болып жүрген олар ресми түрде ашық өмір сүруді аңсайды екен. Жезөкшелік айналысуды заңдастыратын болсақ, іштен тынып жүрген олар бас көтеріп «Әу, қазақстандықтар, біздер де адам баласымыз, демократиясы дамыған қазіргі Батыс елдеріндей болғыларың-ақ келеді, ондай болса сол елдер сияқты гомосексуалисттер мен лезбияндарға да еркін өмір сүру, некелесу, өз ой-пікірін еркін жеткізуді заңдастыру керек!» – деп бас көтеретіндіктеріндe күмәніміз болмауы керек.

Қорыта айтсақ, бірде бір жезөкшелікті заңдастырған мемлекет жезөкшелік пен оған қатысты туындайтын құбылыстарды заңдастыру арқылы оларды толықтай бақылауда ұстауды жүзеге асыра алмады, бордельдік жүйеден бас тартуға мәжбүр болды.

«Көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның» деп хәкім Абай айтқандай, «шет елдер сөйтіпті, біз де солай істейік» деген жөн болмас, жезөкшелікті заңдастыратын болсақ, проблема орнына келе қалады деген сөз бос әурешілік, білместік, бар болғаны басқа арсыздықтарға жол ашып береді. Ер азаматтардың беттеріне тура қарап сөйлемеген ұяң мінезді қаракөздеріміздің бүгінгі күні көше қаңғып, жезөкшелікке салынуы «қызға қырық қырық үйден тыйым» еткен ұлттық тәрбиенің жойылуынан екендігі даусыз.

Құдайсыздық заманында жоғалып кеткен ұлттық салт-санамызды, дінімізді қайта жаңғырту ең алдымен мемлекеттік деңгейде дайындалған ұлттық идеология қажет деп қан қақсадық. Нәтижесінде – «қазақстандық патриотизмнің» іргетасын қаладық, бірақ өкіністі енді соның қабырғасын көтере алмай келеміз. Неге? Себебі, қоғамдық санада ұлттық құндылықтарды құрметтеу сезімі берік орнықпайынша, жалаң патриотизммен алысқа шабар ел болмас!

Мадияр БЕКБОЛАТҰЛЫ,
Алматы облыстық сотының
Баспасөз қызметінің бас маманы.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00,02.20 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.20 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 21.30 Телехикая «Инелік»
12.00 Т/х «Менің мектебім»
13.00 «Теледәрігер »
14.00«Арта»
15.00,23.20 Т/х «Қашқыл»
16.00 «Атамекен»
16.30 «Тәуелсіздік тарландары»
17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.45 «Ashyq alan»

ХАБАР

ХАБАР

06.00,02.00 Әнұран
06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім-2»
09.15,17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «Отыңды өшірме»
10.15,23.15 Телехикая «Жібек»
12.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Т/с «Фамильные ценности»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Келінжан»
18.00 Мегахит«Падание олимпа»
19.40 « Яичное птицеводство Казахстана:мифы и реальность»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт».
21.00 Итоги дня
21.45 Телехикая «Шашу»
22.45 «Пәленшеевтер»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдіреген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00,14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 Vine time
14.50,03.50 Т/с «Райское место»
16.20 «Хансада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Барышня-крестьянка»
04.55 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х « Последнее королевство»
07.15 «Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
15.20 М/с«Смотрящая вдаль»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Т/с «Невский.Проверка на прочность»
00.30 Х/ф «Солечный круг»
02.10«П@УТINА»
02.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03.35 «ТОЙ ЗАКАЗ»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан
07.30 «Мәссаған.KZ»
08.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР», т/х
09.25 «Иная реальность» (повтор)
10.10 «Поезд судьбы», мелодрама (повтор)
14.00 «Механик», детективная мелодрама (повтор)
16.00 «Осиное гнездно» мелодрама
18.00 «Бір кем дүние» т/х
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Зоя»мелодрама
23.45 «СТАЖЕРЫ»
01.25 Астарлы ақиқат
02.15 «Той Best Star»
03.30«Мәссаған»KZ
03.50 «Мерекелік концерт»
04.15 «Қайран қаттар»
05.00-05.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Ауылдағы ағайын»
19.10 «Әсем әуен»
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Ата - баланың қорғаны»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тілсақшы»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (79-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 «Ризамын»
07.00,00.40 Алдараспан, Нысана,Шаншар әзілдері
07.45 «Эмма и санта клаус»
09.35 Т/х «Құпия махаббат»
11.00 Т/с «Ананди»
13.20 What*s UP?
14.00 «Экстарсенсы-детективы »
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Тайная любовь»
22.20 Другой мир: «Восстание Ликанов»
00.05 «Экстрасенсы-детективы»
00.50 Алдараспан,Нысана,Шаншар әзілдері
04.20 «Ризамын»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,02.20,04.30 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 Т/с «Доктор котов»
12.30,20.30 «Ерке мұң»
15.15 «Q-ELI»
15.30,00.15«Война семей»
16.30,00.15 «Сердечный враг»
17. 30,23.15 Т/с «Первые ласточки»
18.00 Т/с «Нюхач-4»
21.30,03.50«Зың-зың Күлпәш»
22.20,03.00Т/х «Жалдамалы қалындық»

Сейсенбі - Вторник, 26 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 01.35 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 «Біздің әпке»
12.00 «Менің мектебім»
13.00, 01.30 «Теледәрігер»
14.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
15.00, 23.20 Т/х «Қашқын»
16.00 «Қайсар жан»
16.30 Д/ф «Тұлға»
17.15 «Қызық екен...»
20.35, 00.45 «Ашық алаң»
21.30 Т/х «Инелік»
22.30 «Елшінің қызы»

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/с «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім»
09.15, 17.00 Тұсаукесер «Qalamaimyn»
10.15 Сериал «Отыңды өшірме»
12.30, 21.45 проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Т/с «Фамильные ценности»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Армандастар»
18.15 Т/х «Өгей жүрек»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30, 00.00 «Карта мира накаляется»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Алпыстан асып барамын»
00.00 «Әсем әуен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл»
06.30 «Күлдіреген»
07.00 М/ф
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 Vine time
15.00, 03.55 Сериал «Райское место»
16.00 «Келіндер»
16.30 «Хансада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36
00.30 ««Қош келдіңіз»»
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet»
05.30 Т/х «Келіндер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Последнее королевство»
07.15, 12.00 «Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
15.20 «Доктор Преображенский»
18.00, 02.55 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.25 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Т/с «Невский. Проверка на прочность»
00.15 «Скажи мне что-нибудь хорошее»
22.00 «П@УТINА»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қара теңіз»
08.45, 04.20 «Қайран карттар»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 НОВОСТИ
10.40, 23.45 «Стажеры»
12.45, 21.40 «Входя в дом, оглянись»
14.50, 01.30 «ОТРАЖЕНИЯ РАДУГИ»
15.50 «АКВАРЕЛИ»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
03.00 «Тойбастар»
04.45-05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (80-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.30 Ризамын
07.00 Информбюро
07.50, 16.00 Whats up?
10.00 Т/х «Құпия махаббат»
11.00 Сериал «Ананди»
13.00 Сериал «Воронины»
15.10, 00.10 «Экстрасенсы-детективы»
17.00, 00.50 «Кел, татуласайық»
22.20 Паутина
03.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Айна-online»
07.20,13.30 Т/с «Элиф»
09.00 Смеяться разрешается
10.20, 18.00, 19.30 «Нюхач-3»
12.30, 20.30 «Ерке мұң»
15.30 сериал «Война семей»
16.30 Сериал «Партия для чемпионки»
17.30, 23.20 Сериал «Случайный кадр»
21.30, 03.50 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20, 03.00 «Жалдамалы қалыңдық»
00.20 Х/ф «13 район»

Утерянную карточку допуска (международные перевозки грузов) ИП «Абдуллаев И» за №100266-VOLVOFH12 840KCB05 считать недействительной.

Сәрсенбі - Среда, 27 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00,02.20 Әнұран
06.05 «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00, 21.30 Т/х «ИНЕЛІК»
13.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
14.00 «Тәуелсіздіктің тәуекелдері». Ток-шоу
14.40 «ЖЕР ТӨРЕСІ».
15.05 «Қашқын» телехикая
16.30 «Жан жылуы»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.45 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
01.30 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».

ХАБАР

06.00,02.00 Әнұран
06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/с «Буба»
08.15 Т/х «ӨЗ ҮЙІМ-2»
09.15.17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «ЖІБЕК»
12.30, 21.45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Т/с «Фамильные ценности»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Т/х «Келінжан»
18.00 мегахит«Великолепная семерка»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға хат». прямой эфир
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Шашу»
23.00 Кино «Дети солнца»
01.00 «Менің тағдырым»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдіреген» әзілсықақ
07.00 «Созмультфильм»
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 Vine time
15.50, 05.0 Т/с «РАЙСКОЕ МЕСТО»
16.00, 05.30 «Келіндер»
16.20 Т/х «ХАНЗАДА ЖУМОНГ»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 Барышня-крестьянка
04.35 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ПОСЛЕДНЕЕ КОРОЛЕВСТВО» т/х
07.15 «Qoslike» Дайджест
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «Qoslike» Тікелей эфир
15.20 «Многосерииный фильм» м/с
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Т/с «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ»
00.15 Ночной кинотеатр «СКАЖИ ЧТО-НИБУДЬ ХОРОШЕЕ»
02.10 «П@УТINА»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР». Түрік телехикаясы
08.20 « Қара теңіз» Т/х
09.40 НОВОСТИ
10.20 Т/с «Было дело»
12.00 «Стажеры»
14.00 «Зоя», мелодрама
16.00 «Осиное гнездо», мелодрама
18.00 Т/х «БІР КЕМ ДҮНИЕ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Зоя» мелодрама
23.35 Т/с «Стажеры»
01.25«Осиное гнездо»мелодрама
02.15 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Жұмыспен қамту жол картасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (81-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз)
07.00 Информбюро (повтор)
08,00 What's UP?
09.35 Т/с «ҚҰПИЯ МАХАББАТ»
11.00 Т/с «АНАНДИ»
13,20 What*s Up?
14.00 Т/с «ВОРОНИНЫ»
16.00 «Эктрасенсы-детективы»
16.10 «What's up?» қаз
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Тайная любовь»
22,00 «Паутина»
23,20 «Экстрасенсы-детективы»
00.15 «Кел, татуласайық» (повтор)
02.30Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз.)
04.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио (каз)

7 КАНАЛ

06.00, 02.00, 04.30 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.20, 18.30 Сериал «НЮХАЯ-4»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
15,15 скетчком «Q-ELI»
15.30 Сериал «ВОЙНА СЕМЕЙ»
16.30 Сериал «Сердечный враг»
17.30, 23,15 Сериал «Впервые ласточки»
21.30, 03.50 Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.20, 03.00 Т/с «Жалдамалы қалыңдық»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

«АСЫҒЫСТА ТУҒАН БАЛАНЫҢ АТЫН АБЫР-САБЫР ҚОЯДЫ»

МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСҚАН 30 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАН САН-САЛАЛЫ ЗАҢДАРҒА РЕФОРМА ЖАСАДЫ. ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, СОТ, ПРОКУРАТУРА, ІШКІ ІСТЕР, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ, БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ, БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА ЗАМАН АҒЫМЫНА ҚАРАЙ БЕЙІМДЕЛУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕСІН, ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТІН ӨТЕЙДІ ДЕГЕН ЗАҢДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ДЕРЛІК ЖАҢАРТЫЛЫП, ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ОЛҚЫ ТҰСТАРЫ ҚАЙТА ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП ОТЫРДЫ.

Дұрыс-ақ, заң айналымға еніп жұмыс жасаған сәтте қазақстандық әрбір азамат осы заңдарға сүйенеді. Себебі, Ата заңымызда: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Десек те, осы қабылданған заңдардың шикілігі, ала-құлалығы заң өндіріске алынғанда көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрады. Сол шикіліктен талай адамның салы суға кетіп, қақпаған есігі, тоздырмаған табалдырығы қалмай, ақпарат құралдарынан көмек сұрап жүргендері жасырын емес-ті. Енді, міне, кезекті отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты дайындалған заңда кеткен олқылықтар кесірінен аналар көтерілісі қайта бастау алды. «Қорғау HR» қоғамдық қоры зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы жаңа заң жобасын сынаған хабарламасын халыққа таратты. Осыған орай, заңды кері қайтаруды сұраған әйелдер қауымы Нұрсұлтан қаласында Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа, жаңа сайланған Парламент депутаттарына талап қойып, Парламент үйі алдына жиналды. Одан бөлек, интернет желісінде осы заңға қарсы қоғам белсенділері, заңгерлер мен қоғамдық ұйымдар да дабыл қағып, дөңгелек үстел өткізуде. Тіпті заңды дайындағанарды айыптап, «Батыстың менталитетінен көшірген заңды бізге неге тықпалайды. Бұл заң ата-ананы баласынан айырудың төте жолы»,- деп ашынуда.

Неге біз осы қит етсе, батыстың, Еуропаның заңдарын көшіріп ала қоямыз? Өзіміздің түп-тамырымыз, салт-дәстүріміз, дала билерінің тәлім-тәрбиесі де тұнып тұрған заң ғой. Ескіні де елеп, жаңасын жаңғыртуға болар еді. Енді міне, тағы да Нұр-Сұлтан қаласынан әйелдер көтерілісі бастау алды. 2019 жылы бес бала өртке оранғанда да аналар атқа қонған болатын. «Бақсам бақа екен» демекші, «Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» және сәуір айында Парламент талқысына түсіп, шілде айында қабылданған денсаулық туралы заңдағы бір жыныстыларға қатысты ережелерге қарсы өре түрегелген әйелдер, қоғам белсенділері, заңгерлер пікірі блогерлердің жанайқайы интернет желілерінде бомбадай жарылуда. Әуелі еуропадан келген бір жынысты заң туралы айталық. Батыста некеге қатысты 60-тан астам заң бар екен. Яғни, еркекке-еркек, әйелге-әйел, еркектің итке, ағашқа, қуыршаққа, тіпті өліп жатқан мәйітке де үйленуге құқықтары заңмен бекітілген. Осы бір жыныстыларға қатысты заңның қазақ менталитетіне өте жат екенін біле тұра неге халық қалаулылары жол берді? Неге мектептерде жыныстық тәлім-тәрбие туралы әуелі мультфильмдер, сонан соң басқадай жолдармен дәріптелуге жол берілді. 10 жастағы мектеп оқушысы мұны қалай қабылдайды? Бұл жастағы бала сурет салып, түрлі үйірмелерге баруы керек қой. Жыныстық тәлім-тәрбие керісінше буындары қатпаған балалардың психологиясын бұзбай ма? Бұл заң халықтың талқысына түскен жоқ, пандемия өршіп, ел қынадай қырылған кезеңде қабылданып кетті деген аналар балаларының болашағына алаңдайды. «Асығыста туған баланың атын Абыр-Сабыр қояды» демекші, жеделдетіп қабылданып кеткен заңға қараша қауым да қарсылық білдіруде. Мұзбалақ Мұқағали Мақатаевтың:

Мектебің, мынау – класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай болып кіресің,
Таудай болып шығасың» деген

өлең жолын кейбір ақындар:

«*Мектебің, мынау – класың,*
Осына он екі жыл тұрасың,
Тарыдай боп кіресің,
Мүшеқап киіп шығасың» деп

әжуалап жырға қосып жүр.

Жыныстық қатынас туралы заң мектеп қабырғасында жүріп құрсақ көтеріп қойған түлектердің көбеюінен кейін білім бағдарламасына енгізілді делік. Ал, бір жыныстылар туралы заң қазаққа қажет пе еді?! Осы заңды бекітпей қойса мемлекетіміздің әлем алдындағы беделі түсіп кетпес еді ғой. Енді біз осы «бояушы, бояушы десе сақаламызды бояй береміз» деген ой мазалайды. Алайда, саясаттың өз заңы бар. «Болары болды, бояуы сіңді». Енді жүз жерден ертоқымды бауырымызға алып тулағанмен, бір жыныстыларға қатысты заң кері қайтарылмайды. Өзекті өртейтін өкініш, жынысын ауыстырам десе, жаңа денсаулық сақтау кодексі бойынша жыныстық сәйкестігі бұзылған 21 жасқа толған адамдар жынысын ауыстыруға құқылы. «Егер, кәмелетке толмаған бала жынысын өзгерткісі келсе, оны ата-анасының рұқсаты қажет болмаған кезде, ересек шағында жасай алады» делінген заңда. Екінші мәселе, «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» дайындалған жаңа заңда қазақ қоғамына жат, еуропадан енгізілген ата-ана мен баланың байланысын алшақтататын заңды кері қайтаруды талап еткен аналардың жанайқайын бүкіл қоғам талқыға салуда.

«Бұл заң түбегейлі қабылданып кетпеу үшін барша қазақты үн қосуға шақырамыз. Егер бұған жол берсек, біріншіден, сіз балаңыздың ата-анасы емес жәй ғана асыраушысы болып қаласыз, екіншіден, ата-ана ретінде дауыс көтеріп қойсаңыз, балаңыздан бір жола айырылуыңыз мүмкін, үшіншіден, ондай жағдайда балаңыз мемлекеттік мекемелердің емес, жекешеленген кризистік орталықтардың қарамағында болады.Төртіншіден, тұсау кесу, сүндеттеу секілді дәстүрлі әдеп-ғұрыптарды бала-ңыздың рұқсатынсыз жасай алмайсыз, бесіншіден, балаңыз жынысын ауыстырамын, бір жынысты некеге тұрам десе де ата-ана ретінде қарсы шыға алмайсыз. Бұл біздің тамырымызға балта шауып, адам ретінде азғындатып, ұлт ретінде жойып жіберудің төте жолы емес пе?! Алтыншыдан, отбасылық ішкі мәселелердің барлығы ішер асыңыз, киер киіміңіз, беретін тәрбиеңіз, тіпті үлкенді кішілі ұрыс керістеріңіздің барлығы мемлекеттік емес ұйымдардың бақылауында болады. Қысқасы, ыдыс- аяғыңыз сықыр етсе есігіңіз тықыр еткелі тұр. Сіз мұндай жымысқы ұйымдардың заң арқылы жанұяңызға кіріп, айрандай ұйып отырған отбасыңызды ірітуін қалар ма едіңіз? Біз, оңтүстіктің ақындары, ел жанды азаматтар ретінде Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтан, Парламент мәжілісінің спикері Нұрлан Нығматулин мырзадан ұлттық болмысымызға мүлдем жат, мұндай сорақы заңның қабылдануына жол бермеуін сұраймыз. Біз бабадан қалған дәстүр бойынша өз отбасымызға өзіміз ие болғымыз келеді», – дейді фейсбук желісіндегі жазбада Шымкент қаласының айтулы айтыскер ақыны, «Нұр Отан» партиясының мүшесі Біржан Байтуев бастаған бір топ белсенді.

Қазақстандықтардың арасында жаңа қабылданатын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның шикі тұстарына қатысты көзқарастары мен қарсылықтарын білдірген заңгерлер де бар. Мәселен, заңда «мына балаға қауіп төніп тұр тұрған сияқты» деп құзыретті органға хабарласса, әй-шәй жоқ келіп баланы алып кетеді. Ұрыссаң, сұрағанын алып бермесең, ата-ана жауапқа тартылып, баланы тағы да алып кетеді. Ата-анасы психикалық емдеуден өтпейінше баланы көре алмайды, жағдайын біле алмайды. Емделу үшін белгіленген психотроптық дәріні еш қарсыласпай ішу керек, міне, әңгіме қайда жатыр. Балалар арнайы орталықтарда жатады, уақытша отбасыға берілмейді. «Масқара. Қорқынышты» – дейді алаңдаған аналар. Басқаны қойшы, баланың өзі 111-ге қоңырау шалып арыз бере алады екен. Сондай-ақ, бір үйде бес бала болса, әрқайсында жеке-жеке бөлме болуы керек. Бұл еуропаның заңы, ал, бізде әлі күнге дейін баспанаға зарығып жүргендер бар. Үлкен қалаларда бала-шағасын шұбыртып бір бөлме жалдап отырған отбасылар бар. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сыңғырлайды. Ұрыс-керіс болмай тұрмайды. Балаға зекіп ұрысамыз. Ал мына заңда балаға ұрыспақ түгілі көзіңді алайтып қарауға құқың жоқ. Бәрінен сорақысы сот емес, полиция қаулы шығарып, ата-анадан баланы ажыратып әкете береді. Тоқетерін айтқанда, қолданыста жүрген заңға енгізілмекші түзетулердің басым көпшілігінде ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріне қайшы келетін баптар бар. Пікірталас өзгертулерге қатысты болып жатыр. Отбасымыздың ішіндегі кейбір кикілжіңдерді шетелдік ұйымдардың ақылынсыз-ақ өзіміз шешеміз, біз отбасы зомбылықтарымен емес, оны тудыратын себептермен күресуіміз керек деген қоғамның жанайқайын жаңа сайланған Парламент мұқият зерделеп, тезге салуы тиіс!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЗАҚБАЙ ДОСПАНБЕТОВ 80 ЖАСТА

«Жылусыз от» романы, «Шың мен шыңырау» атты роман-диалогия, «Қызыл жолбарыс» пен «Абылайдың ақ туы» деген атаумен белгілі төрт томдық роман-эпопеяның және бірқатар повесть, очерк, әдеби мақалалардың авторы, қаламгер Ұзақбай Доспанбетов биыл 80 жастың төріне шыққалы отыр. Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Тебегенов: «Ұзақбай – қазіргі ұлттық сөз өнеріндегі белгілі қаламгерлердің бірі. Оның повестері лирикалық-сыршыл, психологиялық драматизмге толы поэтикалық сипатымен ерекшеленеді» деп жазып, «Адамтану суреткері» деген баға берген болатын. Мерейтойы қарсаңында газетімізден қаламгер романынан үзінді беруді жөн көрдік.

ҚҰНДАҚБАЙ

(романнан үзінді)

1928 жылдың қытымыр қысы да оқтын-оқтын ызғар боп есіп, өзінің келе жатқанын Қоғалы өңіріндегі елге білдіруді жөн санағандай. Таулар қыспағындағы бұл ойыста ол дегенің кейде еркетотай, ұшқалақ жас баланың тентектігіне де басатын. Қазан айының орта шенінде маужыраған алтын күз күндері тым жылымық көрініп, біраз уақыт алдаусыратып, кенет бір-ақ түнде белуардан қармен бүркеп салатын. Тек биыл ғана ондай мінезін іркіп ұстағандай. Қазан айы таусылуға шақ, ал табиғат-ана оқтын-оқтын білінетін ызғары демесең, мұндағы онсыз да сергелдеңі бастан асатын тіршілікке қосымша ауыртпалық артпай тұр. Ашық аспанды жаймашуақ күндер жалғаса берді.

Сондай күндердің бірінде Құндақбай тағы бір мәрте Қытайдан бері шекара асқанда оны өзі тәріздес тапал бойлы, шымыр денелі бір шал күтіп алды. Құндақбай оған таңырқаған жоқ, бұл өзінің ескі сыралғы аға досы Құдайберген деген кісі. Қаңлының Жәнтеке тармағынан тарайтын алпысты алқымдаған қарт. Тек сол қарттықты мойындағысы жоқ дегбірсіздігі, ұшқыр қимылға бейімділігі, әрі сөздері бірі екіншісін баса көктеп тез сөйлейтіндігі мұны одан әрмен Құндақбайға ұқсатып тұрушы еді. Көмірдей қаруытқан, қыл-қыбыры мол әжімді жүзі мен қос тілікке ұқсаған қысыңқы көздері ғана алабөтен. Мұның астында жүні жығыңқы дөнежін байталы мен Құндақбайдың кексе күрең қасқасы бір-бірімен тұмсық түйістіргенде екеуі де ер үстінде ай-шайға қарамай бірден саудырай жөнелісті. Әсіресе, Құдайберген шал өз көмекейінде кептелген жайларды жентектеп, мергеннің алдын орап кетті:

– Құндақбайжан, сенің келеріңнен құлағдармын! Сосын да жолдан тостым. Сен бұл жолы Қараңғысайға жасырына алмайсың. Ол жықпылға суық дегенің мықтап-ақ тұмсық тығыпты. Тіпті әр қарағай мен қайыңның тасасына бір-бір бөлшебек деп, сені матасақ осында матаймыз деп қойған қарулы солдаттарының өздері шеттерінен өкпе ауруына шалдығып қыңырайып, қирап жатқан көрінеді. Ол Қараңғысайды маңайлама! Мен саған сенімді бір үй тауып қойдым, бір орыстың үйі. Пәмилэсі Бахтияров. Су түбіндегі ақық тастай таза адам. Арқа сүйеріңе жарайды.

– Ау, ағасы, ол Бахтияровыңыз қазақ па, орыс па?

– Орыс! Орыс болғанда таза орыс!

– Ал, пәмилэсі неге қазақша?

– Ау, мерген інім! Бұл заманда орысың ба, қазағың ба, қайсысының тағдыр-талайы қалай құбылмайды? Бір заманда сондай бір соқтықпалы кезеңде сондай айдар бұйырған екен. Оның жұмбағына бойламадым! Әйтеуір, жалтармасы жоқ, жасырынбағы жоқ, турашыл пенде!

Құндақбай бірауық өзін үркек сезім билегендей әрі туысқан, әрі аға досқа осқырая қарады. "Қазір қазақ қазақты ұстап беріп жатқан заман, мына Құдайберген де алжып, сондай бір дертті жұқтырғаннан сау ма" деген сауал тұлабойын осып өтті. Осы сауалды ауызша да қойып қалуға оқталып еді, бірақ батылы бармады. Шалдың көңілін әзірге жыққысы жоқ. Себебі, бұл Құдайбергеннің Қазақ ордасы мен Қытайды екі бөлген шекараның ұзына бойын ең жақсы зерделейтін адам ретінде аты шыққан. Осы Құндақбай талай ауылды Қытайасырғанда аса көп қолқабыс жасаған жанның өзі. Бұл Құдайберген де кезінде жел қуған қаңбақтай арғы бетте де, бергі бетте де тірлік кешіп, екі елдің ортасындағы сызық айналасын алақандағы жазудай жаттап үлгерген. Шекара асқандардың ұзын санына қарап, қайсысы қай бағдарда жылыстап, бой жасырып кете алады, міне соны ажыратуда алдына жан салмайтындығы бар. Бұған Құндақбайдың өз басы да куә. Сосын да бұл тәуекелге басты.

Бахтияров аталатын орыстың тұрағы Быжы өзенінің бойында екен. Ағаштан қиып жасалған үш бөлмелі ескі үйдің шығар аузы ашық дала жаққа қараған да, сырты тура Быжының жарлауыттау жағасына төніп тұр. Сол жарлауытпен суға қарай құласаң ат құлағы көрінбейтін қалың жынысқа тап боласың. Бұл Үлкен Быжының осы Қоғалы аңғарын кесіп өтетін бөлігі көбіне жалаңаштау жазықпен ағады да, ара-тұра ғана осындай бұта-тікенекті, құрайлы, батпақты ойыстар кездесуші еді. Үлкен Быжы Шаған тауын батыс жақтан жанамалай теріскейге, сонау Айнабұлақтағы Кіші Быжыға қосылуға бұрылыс жасағанда ғана қалың ағашты тоғайлар бір-бірімен дидарласқандай бас шұлғысып тұрады.

Бахтияров үйінің ауласы да едәуір жерге дейін жалаңаш, ал аздаған ашық-шашық қора-қопсысы түстік бетте, ол да су жағасына, сондағы жарлауытқа тақау салынған. Бірақ ол тараптан тірі тышқанның да қыбыры білінбейді. Үй иесі орыс, сырғауылдай бойы бар, төс сүйегі шығыңқы, сақал-шашы жалбыраған, шүңірек көк көзді, бұл да егде адам, мына ескі тамыр Құдайберген арқылы бұл Құндақбайдың кім екеніне жақсы қанық. Төргі бөлмедегі ағаш столдың басына екі қонақты асығыс-үсігіс жайғастырып, алдарына жайпақ қалайы табаққа салынған екі-үш тұздалған қияр мен қабығымен пісірілген картоп қойды. "Өзгесіне ұяттымыз" дегенге ұқсас ишараны шүңірек көк көзінен жоғарыдағы жүндес қабағы арқылы білдіргендей.

Ал үсті-басы қару-жараққа толы Құндақбай әлі де әлдебір секемді жеңе алмай отырғанға ұқсаған. "Мына екі қақбас мені ұстап бермес пе екен" дегендей. Үй иесі шал соны да сезді білем, екі қонақ дәм алып үлгерместен орыс-қазақ сөздерін араластырып:

– Сіз үшін бұл шаңырақтың астында қауіптенетін түк те жоқ! Қараңыз, мұнда мына жапсарлас екінші бөлмеде сыртқа суға қарай құлайтын екінші есік және бар! – деп орнынан атып тұрып солай беттеді.

– Е, әңгімені содан бастасаңшы! – деп Құдайберген шал жүзіне жеңіл күлкі жүгіртіп қосақтап қойды. Енді Құндақбай мен Құдайберген екеуі де көтеріліп орыстың соңынан сол жапсарлас бөлмеге бас сұқты. Расында әлдекімдер каруларын шақылдатып, мына үйдің ауласында бой көрсетсе Құндақбай сынды іздеуде жүргендер осы екінші бөлмедегі есік арқылы арыдағы суға белшесінен батқан қалыңға күмп беруі оп-оңай. Мұндағы бұта-тікенекті, құрайлы жынысқа кім-кім де өзі түгіл, жетектеулі ат-матымен бой жасыра алады екен. Сақтық жағын көп ойлауға тәсілденген Құндақбай сыртта байлаулы кексе күрең қасқасын қазір-ақ сол жынысқа апарып, көзден тасада ұстасақ қайтеді деп өтінбекші еді, өзін тым сужүрек етуден жасқанғандай бөгелді.

Алғашқы түпкі төр бөлмеге кеп қайта жайғасқасын столдағы мардымсыз мәзір қонақтардың еріндеріне тиер-тиместен-ақ үй иесі басын шайқап сөзді әріден бастай жөнелді. Бұл ең алдымен мына атышулы "бандының" сеніміне кіруді мақсат тұтқандай әңгіме желісін соған бейімдегенге ұқсады:

– Менің әке-шешем осыдан алпыс жылдай бұрын сонау Ресейдегі Алтай өлкесінен осылай қоныс ауыстырған екен. Мұнда да бірден орнықпай, онда-мұнда табандары тайғанақтап, бәрін жентектей берсең тым ұзақ жыр, сізге оның қажеті де шамалы, әйтеуір ең соңында осы Қоғалы өңіріне қазық қағыпты. Алғашында біз тым жақсы тұрыппыз, әкем де, шешем де еңбектің адамдары еді, осындағы қазақтармен, татарлармен, дүңгендермен ауыз жаласып, алыс-беріс жасап, өзара ақыл-кеңестерін де аямай, тез-ақ әжептәуір шаруа құрыпты. Мен де соларға еліктеп, әке-шешем қалдырған шаруаны одан әрі дөңгелетіп-ақ әкеткенмін. Екі ұлым, бір қызым бар еді. Тек әлгі антатқыр Герман соғысы басталды да үлкен ұлым сонда кетіп хабар-ошарсыз жоғалды. Әуелгіде Верныйға оқу іздеп барған, сосын ұлты орыс болғасын бұрынғы патша өкіметінің жандаралдары азғырды ма, өзі сұранды ма, ол жағы өзіме де бұлдыр. Әйтеуір одан күдер үзгеніме көп жыл. Екінші ұлым Қызыл әскер қатарына алынған. "Е, бір балам бәлшебектер санатында ғой. Енді менің мұртымды балта шаппайды" деп жайбарақаттандым. Сөйтсем қайдағы жайбарақаттық, жиырмасыншы жылы Анненковқа қарсы жорыққа мініс аттары керек деп, сен орыс нәсілдісің, дұрыс түсінуің шарт деп, екі бие, бір айғырым бар еді, ай-шайсыз есігімнің алдынан айдады да әкетті. Ол аздай іштеріндегі түлкі тұмсық біреуі ертесіне қайта соғып, бір сауын сиыр, бір өгізшемді тағы алдына салды. Әйелім екеуіміз жер сабалап қалдық. Ал қызымның жағдайы тіпті қиын көрінеді, ол да Верный жақтағы біреуге тұрмысқа шыққан, сөйтсем оның күйеуі Анненков, Колчак дегендердің шылауына ілініпті. Ол да қазір хабар-ошарсыз. Ал Қызыл әскер қатарына жазылған екінші ұлымнан қайыр күттім, егер ол тірі болса сол арқылы қызымның жағдайын білер ме екем деген үмітім шаладай жанатын. Енді ол үмітім де үзілді. Бәрі жым-жылас. Қазір мал ұстауға, мал басын көбейтуге ешкімнің ықыласы жоқ. Мына кәмпеске басталғанда екі шошқа, бір сиырым бар еді, сен "кулаксың" деп, оларды бас-көзге қаратпай орталыққа өткіздірді. Әйелім "әй, біздің бір баламыз Қызыл әскер қатарында, сендердің жақтастарың" деп аттан салды. Құлақтарына қыстырған жоқ! Ал әйелім осылай күйікке күйік жалғасқасын ба, денсаулығы сыр беріп, бақилық дүниеге кетті. Өстіп таза тақырланған жағдайым бар. Жалпы мынау Қызыл дегенің кешегі ақтан жаман деп, мына ескі тамыр Құдайберген шал сынды қазақтар күңкілге басқалы едәуір уақыт, сонда мына кедей-кепшіктер, негізі жарымағандар сол Қызыл өкіметттің сойылын соғып, неменесіне ала өкпесі шығып жүр, мен соны ғана түсінбеймін. Сол мәселеде көзімді ашар ма екен деп, Құндақбай Толендиевич, великий казахский воин, сізді күте-күте екі көзім төрт болды. Осы кездесуіміз үшін мына Құдайберген шалға айтар алғысымда шек жоқ!

Ұлты орыс, бірақ фамилиясы қазақша мына Бахтияровтың наласынан соң Құндақбай ауыр ойларға шомды. Оған жауап беруге асықпады. Үй иесі де оны жөн санағандай. Бұл соңғы кетісінде Құндақбай Қытай жерінде жиырма күндей байланып еді. Онда да тұнып тұрған жақсылық жоқ, Құндақбай сонда көшіп барған қазақтардың анау-мынау арыз-шағымдарының астында қалды. Қосы ауған қазақтарға Қытайда жәбір-жапа шеккізген өзге ұлт өкілдерінің жынын қалай қағуға болады? Сол сауалға жауап ретінде өзінің ойлап тапқаны мынау еді. Оншақты жарау атқа өз айналасындағы жігіттерден қол қимылына икемді, қайраттыларды іріктеп мінгізді де өзі бастап, Құлжа қаласындағы ең үлкен базарға келді. Ол заманғы Қытай базары дегенің ине шаншар жер жоқ, қаптаған сатушылар мен базаршылап қыдырғандардың бір-біріне иығы мен маңдайлары соқтығысып, саңлау тауып шығу қиямет-қайымға айналады. Ал сатуға шығарылған, көбісі қолдан жасалынған тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқтар, киім-кешектер, әшекейлік жылтырауығы мол ұсақ дүниеліктер, дәрі-дәрмектер, ер-әбзелдер тау-тау боп үйіліп жатады. Кейбір заржақ сатушылардың, дүкеншілердің, олармен дауласқан қыдырымпаздардың қаңқуы құлақ жарады. Мұнда алушылардан гөрі жай қызық іздеп келушілер, әрине әлдеқайда көп.

Міне, сондай бас-аяғы жоқ қалың нөпірге Құндақбай бастаған жырынды топ тұтқиылдан тиді. Омыраулары астаудай жарау аттардың екпіні үй жығатындай еді. Ал ер үстіндегі Құндақбайдың даусы да, түрі де қызық. Бұл әлгі осы күз күндерінің бірінде Сатылы тауының етегінде қоныстанған жалайыр-орақты елінің бір

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЗАҚБАЙ ДОСПАНБЕТОВ 80 ЖАСТА

шоғырын Қытайасырмақта киген патшалық орыс армиясы офицерінің формасын қайта үстіне жапсырыпты. Жылтырауық погоны бар әскери киім – китель, галифе шалбар, ұзын қонышты етік, бұл жолы түз тағысына тіпті жараса қонышты. Жалпақ қайыс белдігінің жезден құйылған басы мұндағы көргенінен көз ақы алмай көңілі көншімейтін қытайлықтар, дүңгендер, ұйғырлар саудалаған барша бұйымдардан бағасын асырып әкетсе керек-ті. Құндақбай жырындылары мінген сәйгүліктер тұяғының астында тапталған базаршылардың қиқуы көкті тітіркенткен осындай шақта да әлдекімдер осы соңғы көріністі көз жанарларындағы табиғи фотопленкаға түсіріп алғанға ұқсады. Әрі ондай құбылыстың басқа да дабыл, дақпырттың туын одан әрі шалқытып, мәңгілік есте қалатыны да заңды ғой.

Сосын да ма, Құндақбайдың өз басы солай шалынса оның нөкерлерінің қылығы әлдеқайда жарасы жеңілге ұқсады. Бұл қандай қылықтар? Ол нөкерлер өздері сайлап мінген сом тұяқтылар ер-тұрманының алды-артына қоржын-қаптарды мықтап-ақ асып-артып алыпты. Міне, сыңсыған көпті қақ жарып жол салған Құндақбайдың ізімен жүріп, олар сол қоржын-қапшықтарға қол жетер жердегі базаршылардың мүліктерін іліп әкетіп, сүңгіте берген. Базардың бір шетінен екінші шетіне шыққанша бұлар ауыз-мұрындарына дейін толтыра олжаға кенелді. Онысын жасыратын да түрлері жоқ. Қалай жасырсын, барынша кеңірдегін керген Құндақбай онсыз да ырду-дырдуы санап тауысқысыз дүниені басына көшіре ұрандап: "Көрдіңдер ме, қазақтарға қылдай қиянат жасасаңдар будан да зорлыны төбелеріңнен түсіремін, ақыр заманды орнатамын" деген бағдарда қытайша, дүңгенше, ұйғырша, орысша сөздерді араластыра қаһар төкті-ау. Бұған қоса өзінің кім екенін де аспанның көбесін сөгердей етіп, ащы дауыспен жариялай қозғалды. "Я Кундакбай Тлендиевич, казахский богатырь, со мной шутки плохи! Кто будеть издеваться над казахами переселенцами тем не сдобравать" тәрізділерді түйдектүйдегімен тастады. Бірнеше тілдің басын шалып үлгерген Құндақбайға мұндағы қытайы ма, дүңгені ме, орысы ма, басқасы ма, бәрінің санасына сіңетіндей етіп таптап жеткізу аса қиын емес. Құндақбай туралы аңыз Құлжа төңірегінде бұған дейін де азкем қалыптаса бастаған, ал мына жолғысы қу даладағы қуаңшылық жылғы өрттей одан әрмен қаулады.

Міне, орыс Бахтияровтың жаңағы наласынан соң Құндақбай мойнын салбырата ағаш столдағы мардымсыз мәзірге шұқшия үңілді. Тұздалған екі-үш қияр мен қабығымен пісірілген картопта не сыр бар дегендей кәдімгідей-ақ ойлы қарасы мына екі қартқа айқын шалынды. Екі қарт қателескен жоқ еді, Құндақбайдың сол мәзірге ауған назары оның одан арғы қиялына өріс ашқаны анық. Жаңағы Құлжа базарындағы өзі ұйымдастырған шапқыншылықты ойша елестетіп, тез тиянақтады да мына орыс жырына қайта пейіл берді. Бұл өзі көп араласқасын жақсы біледі, орыстардың, әсіресе олардың ауқаттыларының, тіпті, қоң-торғай тірлікті саналатын кедей-кепшіктерінің үйінде де қонақ келгенде дәм қызыл-жасылды түске бөленіп, үйіліптөгіліп жатушы еді. Самогон, шарап, квас, компот дегендері өз алдына. Құндақбай місесінен асыра кезінде оларды қаншама мәрте ішіп-жеп, жағасы жайлауға кетіп еді? Ал бір кезде бай-кулак атанған, екі ұл, бір қыз өсірген мына Бахтияров өзі құдайдай күткен атышулы нөян келгенде ұсынған мәзірі мынау ғана бопты. Біле білгенге, көре білгенге бұл неге ой салмасын?!.

Құндақбай орыс шалының бүгінгі, бұрынғы жағдайларының бір-біріне алшақтығы үшін өзін күнәлі санады ма, бірауық жермен-жексен болғандай. Бір дәрмен, көмек дәметкендей, екінші қарт Құдайбергенге бұрылып еді мергеннің ішіндегі дағдарыс нілдей бұзылып, алай-түлей бұрқасынға айналды. Құдайберген шалдың жүндестеу, әжімді арық жүзі әлденеден айбаттанғандай да, ал қысыңқы көздері ажырайып, ішінде қарулы қызылдар жасырынған қос үңгірге ұқсағандай. Сөйтсе, бұл қазақ шалы мына Бахтияровтың сұрақтарына жауап алуға оның өзінен әрмен мүдделі екенін білдіргендей. Иә, мергеннің іші біраз нәрсені сезді-ақ. Бірақ Қоғалы өңірі кеше ғана осы Құндақбай баса-көктеген Құлжаның базары емес қой. Тап қазір бұл сайыпқыран осы жерде қандай амал-әрекеттің туын желпілдете алады?

Құдайберген шал өзіне біршама алыс туыс, ел қаһарманы мергеннің тұсалған, мүдірген күйін дәл бағамдап өзі тілге келді:

– Батыр інім, атыңнан айналайын Құндақбайым, сен осы жолы Қытай елінде ұзақ маталдың ғой. Жаңылыспасам жиырма күндей шамасы. Ал мына Қоғалы аңғарында, басқасында да солай, заман дегенің қас-қағым сайын желкемізделгі онсыз да ауыр жүкті зіл батпан етіп, қара жерге біржола қаратып кетті ме, бұл қалай? Аштық, ашаршылық кеудемізге істік темірдей қадалып, кемпір-шал, бала-шаға баршасын шырқыратып дес берер емес. Мен пайғамбар жасындағы пақырмын, ес білгелі түгін тартсаң майы шығатын бұл Қоғалы топырағында мұндай алапат сұмдық орнапты дегенді естісем екі құлағым тас керең болсын! Бұл Қоғалы қойнауы қашанда орысың ба, шүршітің бе, дүңгенің, татарың ба, қай-қайсының да тарыққанда бас сауғалар пұшпағы еді ғой. Ал енді сол пұшпақ өртеңнің орнына айналғандай, адамның да, мақұлықтың да зәре-құтын ұшыратын кейіпке еніпті. Елді аштық, ашаршылық буып барады. Әп-сәтте мойынға оралған ол нәубет тірі жандының көзін тұмшалап, аспанға қарап ұлитын аш ит пен қасқырдың кебін кигізді. Қытай асып жоғалған сенің қайта соғарыңды күтіп, күн санап, екі көзі төрт болған мына орыс емес, ең алдымен мына мен едім. Мерген інім, қылған жақсылығыма ақы сұрар жайым жоқ, бірақ екі елдің ортасындағы сызаттан ары-беріге жол түскенде қолғабысым тигені рас, соның өтеуі демеймін, бірақ мына ел-жұрттың, қара табан малшы-жалшының, қайсысы темірден жаратылды дейсің, бәрінің аштықтың да, ақылы таусылғандықтың да азабын шеккен сұрқы бар! Сен ақыл қосасың ба, жоқ, басқасын ба, әйтеуір жөн сілте!

Құндақбайдың бұл ділмәр шал жөніндегі түсінігі сәл кейуге түскендей. Сірә, бұл кездесуді қонақжай орыс Бақтияров емес, осы Құдайбергеннің өзі ұйымдастырғанын шамалайды. Оның көмекейіндегіні анық болжады. Көп ойланатын дәнеме жоқ, шынында бір айла табу керек! Ол үшін мына орыс үйінің төрт қабырғасы аздық етеді. Әрі осы екі көнеден алатын ақпар да аса тойындыра қоймайды. Бұл дереу Құдайберген шалды жасы үлкендігіне қарамай шұғыл жол жүріп қайтуға жұмсады:

– Ақсақал! Көп түкірсе көл деген. Не қимылға да үлкен-кішінің неғұрлым мол қарасы бас қосып, бәтуаласса сара жол, саңылау сонда ашылады. Уақыт оздырмайық. Сыртта байлаулы дөнежін байталыңыз жүріске жарамды жануарға ұқсайды. Сіз тез осы қазір сол дөнежінмен Жаңалыққа, не Күркілдекке тартыңыз! Менің досым, әрі туысым Құлжатайды табыңыз. Мен қатаң тапсырды деңіз. Сол өңірде, әрі жолай ақылы телегей-теңіз естиярлардан кімдер бар, бәрін бүгін түннен қалдырмай тік көтеріп, осында жеткізсін! Әрі әлгі Шұңбай не күйде, қызылдардың қармағынан құтылды ма, жоқ па, әлі ме, тірі ме, соны да анықтаңыз. Қайталап айтамын ақылы тасығандарды ғана ертсін, Құлжатайдың ондайлыққа өресі жетеді. Тек байқаңыздар, сақтық, сақтық керек, қызыл арқаннан шұбалаң құйрық із тастап келмеңіздер! Өзіңіздің көмекейіңізде тағы не бар, бәрін осы шаңырақтың астында сол Құлжатай тобының төрт көзі түгелденгенде сарқарсыз! Ал әзірше осы!

Құдайберген шалдың өзінің де күткені осы ма, далаға атып шығып дөнежін байталға қарғып мініп, салып ұрып кетуіне көз ілеспеді. Алпысты алқымдаған көне көз, қолдаяққа тұрмайтын жас баладай-ақ! Иә, заманына қарай адамы деген. Ал үй иесі Бахтияров бәрін түсінді, артық сөзбен Құндақбайдың басын шатпай, оны осы бөлмедегі ағаш төсекке жатқызып, жақсылап демалуына мұрсат берді. Сырттағы кексе күрең қасқасын үй тасасындағы Быжының қалың құрақты жағалауына апарып, отқа қойды.

* * *

Құндақбайдың бұл ұйқысы тым ұзаққа созылғандай. Құлжатай іріктеген ақыл қосарлар түн өтіп, таң құлан иектеніп атарда ғана Бахтияров үйінің ағаш еденін тасырлата табалдырық аттады. Тек араларында Құлжатай жоқ. Құндақбай аса сергек қалыпта тез түрегелді. Келгендерді осындай алакөбең шақта да жіті шолып, түстерін ажыратып үлгерді де, еш аман-саулықсыз:

– Құлжатай қайда? – деп, шарт етті. Бұл топта жас жігіт Жүнісбай Жәкижан баласы да бар еді. Сол сайрап кеп берді:

– Мерген аға! Өзіңіз де "сақтықта қорлық жоқ" депсіз ғой. Бұл күндерде Құлжатай да қызыл өкіметтің назарына іліккен сыңайлы. Оны сіздің ең жақын дос туысыңыз, сауысқандай сақ оққағарыңыз ретінде атап, әлдекімдер бөлшебектерге сыбырлағанға да ұқсайды. Қазір сол Құлжатайдың алыстан да, жақыннан да ізін баққандар көп. Соның сорабымен өзіңізді, Құндақбай аға, қолға түсірмек тәрізді. Біздің басымызды құраған соң Құлжатайдың өзі айтты, "Сіздер бара беріңіздер, ал мен түн қараңғылығын жамылып, айналма жолмен бұқпантайлап, адам түгілі шайтанның өзін адастырардай бұралаңдарды артқа салып, сондарыңыздан жетермін, көп кешікпеспін" деді.

– Ал Шұңбайдың халі нешік? Өлі ме, тірі ме? Тап қазір қайда?

– Шұңбай тап қазір Күркілдекте! Өз үйі, өлең төсегінде! Қара саннан оқ тиген оңай ма, жарасы асқынған соң, әрі ол білгенін тауысқан соң қызылдар далаға тастап кетіпті. Бір жолаушы қазақ оны атқа өңгеріп бала-шағасымен қауыштырыпты.

Бұл келгендер айналасы оншақты жан, орыс Бахтияровтың үйінің ағаш еденіне бәрі құлай-мұлай жайғасты. Таң жарығы әреңәрең біліпіп, зорлана атып келе жатқандай. Үй иесі бұлардың да аттарын үй сыртына Быжы өзенінің қалыңына апарып жасыруға көмектесті. Құндақбай ең сүбелі әңгімені Құлжатайдың келуіне қаратқандай. Бірақ ол жуарақ панда дыбыс бере қоймады.

Бұл топта жас жігіт Жүнісбай Жәкижан баласымен бірге мергеннің ежелгі достары Кенебай, Денебай, Шаңбат және Манасбай деген де бар еді. Әрі Құндақбай түстерін танығанымен аты-жөнін білмейтін төрт-бес қариялар да ілесе жетіпті. Тек солардың ішінде Аюшал атты жалайыр-ақбұйымның бір ақсақалын ғана жақсы таниды. "Апырай, бізден қонысы жырақтағы бұл көріні Құлжатай мынау түннің түнегінде қалай қосаққа қосып жүр" деп Құндақбай іштей таңырқады да.

– Жә, – деп бір кезде Құндақбай қарлығыңқы жуан дауыспен бәрін өзіне қаратты. – Аузын бұған өгізден болмайық. Құлжатай келгенше іске татыр ірілі-ұсақты өзге жаңалықтарды шет-пұшпақтайық! Ішке сыймайтын кімде не бар? Ортаға салыңдар!

2017 жылы Жақсылық ағамыз Жаркент қаласындағы орталық мешітінің ашылу рәсіміне арнайы келгенінде Жаскент ауылына бір спорт кешенін салуға ықпал етуін өтінген едік. Кейіннен бұл мәселені Жаскент ауыл тұрғындары алдында есеп берген аудан әкімі Т.Өмірәлиевке Жаскент ауылындағы мектеп оқушыларын сабақтан тыс тегін жаттықтырып отырған грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері 50-60 жас аралығындағы ардагерлер арасында өткен әлем чемпионатының 2010 жылғы қола, 2013 жылы күміс, 2019 жылы әлем чемпионы атанған «Панфилов ауданының құрметті азаматы» Қасенхан Серғазиев өтініш жасап айтқан еді. Бірақ бұдан еш жауап болмады. Жауап бермек тұрмақ ауыл мектебі жанында бұрындары спорт нысаны салынады деп жоспарлаған бос жердің бүгінде меншік иесі табылып, басқа мақсатқа бұрып алды. Бұған да жөн екен деп ауыл әкімі арқылы жер қатынастары бөліміне қайта өтініш беріп, бір спорт кешенін салуға аукцион арқылы жиырма соттық жер бөлдіріп отырмыз. Түбі бір жақсылық болар деген үмітімізді үзбей, не де болса ақырына дейін күресіп «Жақсылық» атындағы бір спорт кешенін ашуға бел байладық. Осы жағдайды ескере отырып ауыл тұрғындары атынан «Кемеңгерге де кеңес керек» деген ниетпен облыс әкімі Амандық Баталовқа осы өтінішіміз жетсе екен дейміз.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Панфилов аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің футбол оқытушы-жаттықтырушысы.

АУДАН ТЫНЫСЫ

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Кеген ауданы орталығында «Үміт сәулесі» атты 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығы ашылды. Салтанатты шараға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Маржан Мұрат қатысты.

«Үміт сәулесі» атты орталық Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауына сәйкес облыс әкімі Амандық Баталовтың «Қамқорлық» атты жоспары аясында ашылып отыр. Орталық 25 балаға арналған. Мүмкіндігі шектеулі балалар осы орталықта таңғы сағат 8-ден кешкі 6-ға дейін болады.

– *Орталықта арнайы мамандар жұмыс істейді. Балалар массаж алып, түрлі емдік дене шынықтыру жаттығуларын жасайды. Бұл орталық тегін. Бар шығыны басқарма тарапынан төленеді. Балапандардың қатарға қосылып кетуіне шарапаты тисін,* – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Маржан Мұрат орталықтың салтанатты ашылу рәсімінде.

Бұдан соң аудан әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков сөз алып, ыстық лебізін білдіріп, жаңадан ашылған орталыққа аудан әкімдігі атынан сый-сияпат тарту етті. Аудандағы шаруа қожалығының жетекшісі, белгілі кәсіпкер Жұмабек Бірімтаев ақ батасымен бірге қаржылай қолдау көрсетті. Кеген ауылының тұрғыны, зейнеткер ана Күміс Қашағанова осындай орталықтың ашылуына негіз қалаған аудандағы, облыстағы жандарға ата-аналар атынан жүрекжарды алғысын айтты.

Салтанатты сәтте жаңадан ашылған оңалту орталығының жетекшісі Шолпан Жанбабаева мекеме жұмысымен таныстырды. Кеген ауданында 763 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оның ішінде 87 бала бар. 29 балаға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі.

Қ. БІРЖАНСАЛ.
КЕГЕН АУДАНЫ

ДАБЫЛ

Қаншама уақыттан бері адамзаттың санасын улап, артынша жіпсіз байлап өз тұңғиығына тартатын дүниенің бірі – құмар ойындары болып есептеліп келеді. Гемблинг, игромания, лудомания, құмар ойынға әуестік – бұлардың барлығы адамның есін еліткен есірткіден кем түспейтін дерт атаулары.

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ҚҰМАРТҚАНДАР

Бүгінде әлем бойынша жайылып келетін құмар ойын түрлерінің тәніңізге жара салып, жапа шектірмесе де, айрандай ұйыған отбасыңызды талқандап, бар байлығыңыздан, тіпті ақыл-есіңізден айыруға жететін қауқары бар. Осындай құмарға деген тәуелділіктің салдары өте ауыр болатындығын мәлімдеген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы талай уақыт бұрындабыл қаққан-ды. Айтуларынша, денсаулыққа аса қауіпті сырқат қатарына жатқызылған бұл ойындар адам санасына әсер етіп, түптің түбінде психикалық ауытқуға әкеп соқтырады. Ол аз десеңіз, жыл сайын қаншама қылмыстық істер дәл осы құмарға құныққандардың қолымен жасалады екен. Жеңіл табыстың буына еліткендер ұтылған ақшасын қайтарамын деп түрлі айла-әрекеттерге барумен ғана шектелмей, қарақшылық пен тонауға, алдап-арбауға дейін барады.

Тіпті, бүгінде тәуліктеп букмекерлік кеңселерді торуылдайтын жастарға тосқауыл болар күш те жоқ. Бүгінгі жаңа технологияның дамуымен казиноға баруға, одан қалса ойын автоматтарын іздеуге деген сұраныс та көп емес. Себебі, қазір қолдағы ұялы байланыс құралы арқылы да лудомания атты тұзақтан шыға алмай жүрген жастар бар. Мәселен, желіден керегіңді іздеп, болмаса кино көрейін десең де, «Интернет арқылы бәс тігу», «Интернет казино» тектес жарнамадан көз сүрінеді. Көрмей-ақ өтіп кетейін десең, фильмің қосылмайды, амалдың жоғынан қарауға тура келеді. Осыдан соң кейбір жеңіл ойлы адамдар осындай жарнамалар арқылы қалай жарға жығылғанын білмей де қалады.

Қазіргі таңда елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескермей, жасырын қызмет көрсететін ойын үйлерінің қызметі де тыйылмай тұр. Мәселен, күні кеше ғана Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мамандарының жедел іс-шараларының нәтижесінде аймақта заңсыз ұйымдастырылған ойын бизнесінің жолы кесілді. Бұл іске қатысы бар бірнеше кәсіпкерлер екені анықталған. Олар бірнеше адамнан құралған топпен бірге әрекет ете отырып, 2017 жылғы мамырдан бастап 2019 жылға дейін заңсыз ойын мекемелерін (онлайн-казино) ұйымдастырған. Нәтижесінде заңсыз айналымнан 70-ке жуық ойын жабдығы тәркіленіп, оларға 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру (шартты) жазасы тағайындалған. Тек бұл ғана емес, Қапшағай қаласы Полиция бөлімінің қызметкерлері арнайы рейд барысында коронавирустық індеттің жаппай таралуының алдын алуға бағытталған карантиндік шектеулерді ескермей, жасырын қызмет еткен казиноның әрекетін әшкерелеген. Қалалық полиция бөлімінің басшысы ойын мекемесінде 60-қа жуық адам болғанын және аталған дерек бойынша жинақталған фото-бейне материалдар тиісті шара қолдану үшін мүдделі мемлекеттік органға жіберілгенін айтады. Осылайша санитарлық дәрігердің қаулы талаптарын сақтамай, карантин ережелерін өрескел бұзған казино иесіне 900 мың теңгеден астам айыппұл салыныпты. Осыған ұқсас жағдай Шымкент қаласында да орын алған. Шаһарда пәтерді казиноға айналдырғандар қолға түсіп, олар полиция қыметкерлері келгенде бар табысын унитазға ағызып үлгерген. Соған қарамастан дилерлер мен құмар ойынға құмартқан азаматтар ешқандай жауапкершілікке тартылмаған.

Бабалар тарихына үңілсек, құмар ойнау деген ұғым қазақ танымында болмаған. Тіпті, дінімізде де бәс тігіп, арам ойынға арбалуды құп көрмейді. Алайда, бүгінгі таңда үйреншікті әдетке айналған құмар ойынға құмартқандар саны көбеймесе азаймай, қоғамның дертіне айналып тұр.

Лина КӘЛІМХАН

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РЕФОРМИРОВАНИЯ

Коррупция по своей природе достаточно различна — от коррупции в высших эшелонах власти до коррупции в любом городском или поселковом учреждении, предоставляющем услуги (жилищно-коммунальный комплекс, образование, здравоохранение, социальная помощь и т.д.). В частности, при осуществлении права собственности злоупотребление чиновников своим служебным положением, как правило, связано с управлением государственной собственностью.

За весь период независимости развития Казахстана одним из приоритетных направлений реформирования системы государственного управления стала борьба с коррупционными правонарушениями в системе государственной службы. В числе основных направлений реализации антикоррупционной политики избраны были следующие.

Во-первых, создание правовой базы борьбы с коррупцией. В Казахстане с момента обретения независимости осуществлялись отдельные меры по борьбе с коррупцией, однако точкой отсчета здесь можно считать 1998 г., когда был принят первый Закон «О борьбе с коррупцией». На базе этого закона были разработаны и приняты: Государственные программы борьбы с коррупцией на 1999-2000 гг. и на 2001-2005 гг. Программные документы в наиболее систематизированном, обобщенном виде содержат те меры, которые были приняты и реализованы в рамках антикоррупционной политики.

На сегодняшний день в Казахстане создана солидная нормативно-правовая база для борьбы с коррупцией: Закон РК «О борьбе с коррупцией», Указ Президента страны «О дополнительных мерах по усилению борьбы с преступностью и коррупцией и дальнейшему совершенствованию правоохранительной деятельности в РК», отраслевая программа по противодействию коррупции РК на 2011-2015 гг., Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования борьбы с коррупцией», который ввел конфискацию имущества, добытого преступным путем, и т.д.

На предыдущих этапах развития казахстанского государства были достигнуты общепризнанные результаты, наметились очевидные положительные тенденции в деле противодействия коррупции, усиление и развитие которых станут залогом успешной реализации Антикоррупционной стратегии на 2015-2025 гг.

Манап НУСПЕКОВ,
заведующий канцелярией Талдыкорганского городского суда.

В ДЕКЛАРАЦИИ ТЫСЯЧЕЛЕТИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ , КОТОРУЮ ПОДПИСАЛО БОЛЬШИНСТВО СТРАН МИРА, ПООЩРЕНИЕ РАВЕНСТВА МУЖЧИН И ЖЕНЩИН, РАСШИРЕНИЕ ПРАВ И ВОЗМОЖНОСТЕЙ ЖЕНЩИН ОПРЕДЕЛЕНЫ В КАЧЕСТВЕ ОСНОВНЫХ ЦЕЛЕЙ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА В ТРЕТЬЕМ ТЫСЯЧЕЛЕТИИ.

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРИНЦИПОВ РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

Поэтому и в нашей республике основными принципами гендерной политики устанавливают равные права мужчин и женщин, что гарантировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье. Однако законодательного оформления принципы равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участие в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитие институтах семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. За годы независимости в Казахстане было проведено множество конференций и заседаний посвященных именно проблемам гендерного неравенства. Согласно мировому опыту женщины вносят особый вклад в общественную жизнь.

Так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

Марлен КИРГАБАКОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ЗАКОН

НАКАЗАНИЕ ЗА ПЕДОФИЛИЮ УЖЕСТОЧИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Официальный представитель МВД РК Нурдильда Ораз на онлайн-брифинге в ведомстве разъяснил, каким образом в стране ужесточили наказание за педофилию, передает корреспондент NUR.KZ.

Нормы закона вступили в силу 11 января 2021 года. Документ ужесточил наказание за половые преступления в отношении несовершеннолетних. "В целях исключения любых форм сексуальной эксплуатации детей расширен круг преступлений, относящихся к преступлениям против половой неприкосновенности несовершеннолетних. Усилены санкции за совершение половых преступлений в отношении несовершеннолетних", - сказал Нурдильда Ораз.

В справочных материалах написано, что за изнасилование, совершенное в составе преступной группы нижний порог наказания увеличен с 15 до 17 лет лишения свободы. Санкция за совершение деяния родителем, отчимом, педагогом либо иным лицом, на которое законом Республики Казахстан возложены обязанности по воспитанию ребенка, увеличена до 17 - 20 лет тюрьмы, тогда как ранее было от 12 до 17 лет.

За деяния, повлекшие по неосторожности смерть потерпевшего, была также ужесточена ответственность. Теперь за такое преступление виновному грозит до 20 лет либо пожизненное лишение свободы. Ранее таких преступников наказывали на сроки от 17 до 20 лет. За понуждение к половому сношению в отношении несовершеннолетнего устанавливается наказание в виде лишения свободы сроком до 5 лет, а также вводится пожизненное лишение права занимать определенные должности. Ужесточена также санкция статьи 124 УК ("Развращение малолетних"): увеличены верхние и нижние пороги наказаний до 7 - 12 лет соответственно (было от 5 до 10 лет). При совершении преступления родителем, отчимом, мачехой, педагогом либо иным лицом, на которое законом возложены обязанности по воспитанию, установлено наказание от 10 до 15 лет (было от 7 до 12 лет), а за совершение деяния неоднократно – от 12 до 17 лет (было от 10 до 15 лет).

Осужденные за педофилию по новому закону будут отбывать наказание исключительно в учреждениях максимальной безопасности. В учреждения средней безопасности могут быть направлены лишь те, кто совершил преступление в несовершеннолетнем возрасте. Исключена также возможность назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено санкцией за уголовное правонарушение и сокращение неотбытой части наказания (то есть возможность УДО - прим. ред.). По новому законодательству особо тяжкие преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних не направляются в суд с участием присяжных заседателей. Напомним, что ужесточение наказания за сексуальное насилие над детьми до пожизненного срока предлагали еще в 2019 году. Ранее президент РК Касым-Жомарт Токаев поручил парламенту и правительству сделать наказание за педофилию более жестким на законодательном уровне.

НАШ. КОРР.

БРИФИНГ

ПРАВИЛЬНО ЛИ ШТРАФОВАТЬ НА УЛИЦЕ ГРАЖДАН, НАХОДЯЩИХСЯ БЕЗ МАСОК. НА ЭТОТ ВОПРОС НА ОНЛАЙН-БРИФИНГЕ ОТВЕТИЛ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ СПЕЦИАЛЬНОЙ МОНИТОРИНГОВОЙ ГРУППЫ РАФАЭЛЬ ГАСАНОВ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ МИА «КАЗИНФОРМ».

НУЖНО ПРОВОДИТЬ РАЗЪЯСНИТЕЛЬНУЮ РАБОТУ

В Агентстве по противодействию коррупции РК прошел онлайн-брифинг с участием Рафаэля Гасанова. В ходе брифинга спикеру задали вопрос от журналиста: «В некоторых регионах Казахстана мобильные группы (через сотрудников полиции, входящих в мобильную группу), основываясь на статье №425 Административного кодекса РК оштрафовали на 40 тысяч тенге граждан, находящихся на улице без масок. Законно ли это?».

«Надо немножко работать на превенцию. Нужно людям разъяснять. Правильно задается вопрос. Я считаю, что они не должны так делать. Они не должны всех просто штрафовать. Они должны взять памятку. Человек платит налоги в бюджет. Они (сотрудники акимата, прим. ред.) из этого зарплату получают. Нужно сначала разъяснить человеку. Должна проводиться массовая информационно-разъяснительная работа по всей стране. Разъяснительную работу нужно проводить, либо первое предупреждение делать», - прокомментировал Рафаэль Гасанов. По его словам, есть и злостные нарушители в обществе. «Эти злостные нарушители пишут на госслужащего заявление. И он обвиняет его в коррупционных схемах. Мы стараемся быть рядом. Здесь есть свои минусы и плюсы. Кто-то превентивно работает, а кто-то их штрафует за то, что не носят маску. Давайте пол страны оштрафуем. Это глупости», - добавил заместитель председателя Республиканской Специальной мониторинговой группы Рафаэль Гасанов.

Ш. БАТОВ.

НОВОСТИ

ФИНАНСОВЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ МЕНЯЮТ РЕЖИМ РАБОТЫ

Национальный банк и Агентство РК по регулированию и развитию финансового рынка 19 января 2021 года выпустили совместный приказ об изменении режима работы субъектов финансового рынка. Так, устанавливается ограничение по численности персонала в организациях из «красных», «желтых» и «зеленых» зон в регионах страны, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Приказ касается банков второго уровня, филиалов банков-нерезидентов, обменных пунктов, ипотечных организаций, страховых (перестраховочных) организаций, страховых брокеров, МФО, кредитных товариществ и ломбардов, платежных организаций и коллекторских агентств. Документ принят в целях защиты жизни и здоровья граждан Республики Казахстан, а также предупреждения распространения коронавирусной инфекции. Субъектам, указанным в приказе, постановили обеспечить максимальное оказание услуг в онлайн-режиме.

Финорганизации в регионах, относящихся к «красной» зоне, должны перевести на дистанционную форму работы не менее 60% работников. Исключение составляют отделения, где при наличии производственной необходимости на дистанционную форму работы могут переводиться не менее 40% работников. Им приказано строго соблюдать меры санитарно-дезинфекционного режима. «Желтой» и «зеленой» зонам — обеспечить перевод на дистанционную форму работы не менее 50% работников, за исключением филиалов, где при наличии производственной необходимости на дистанционную форму работы могут переводиться не менее 30% работников.

«Банкам второго уровня обеспечивать организацию работы служб, осуществляющих обработку операций клиентов и бесперебойное функционирование банкоматов, терминалов, интернет-банкинга, мобильного банкинга и других систем дистанционного управления банковскими счетами клиентов, инкассаторской службы, колл-службы, службы доставки платежных карт, а также других служб по их усмотрению. Банкам и юридическим лицам, исключительной деятельностью которых является инкассация банкнот, монет и ценностей, обеспечить осуществление непрерывной деятельности по снабжению субъектов экономики и населения наличными деньгами, в том числе по своевременному пополнению банкоматов наличными деньгами и их бесперебойной работе», — сказано в приказе.

Совместный приказ Нацбанка и Агентства вступил в силу 19 января 2021 года и будет действовать до отмены ограничительных мер и мероприятий, предусмотренных постановлением главного государственного санитарного врача Республики Казахстан.

Ш. ХАМИТОВ.

КОРОНАВИРУС

РОДИЛСЯ РЕБЕНОК С АНТИТЕЛАМИ К COVID-19

По сообщению Болгарского национального радио В Болгарии родился ребенок с антителами к коронавирусу. Раньше срока и путем кесарева сечения — будучи беременной, его мать переболела COVID-19.

Как сообщает Болгарское национальное радио, 28-летняя мать ребенка с антителами, жительница города Пазарджик, будучи беременной была госпитализирована с высокой температурой и кашлем. Женщине диагностировали коронавирусную инфекцию.

По решению врачей, женщине было сделано кесарево сечение — коронавирус вызвал изменения в плаценте и замедлил развитие плода. Операция прошла успешно, на свет появился ребенок весом 2,75 килограмма и ростом 46 сантиметров.

Антитела у новорожденного были выявлены после тестирования, которое и показало наличие иммунитета к коронавирусу. Ребенок полностью здоров, его вместе с матерью планируют вскоре выписать из больницы.

Прямой путь заражения коронавирусом от матери к ребенку пока не доказан. По словам главного внештатного специалиста инфекционным болезням минздрава Приморского края Анны Симаковой, ребенку при рождении всегда будут передаваться антитела, если они есть у матери — они циркулируют у него до года.

Ш. БАТЫРОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

СПОРТ САЛАСЫ САРАЛАНДЫ

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ТОЛАЙЫМ ТАБЫСТАРЫ МЕН АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕРІ АУҚЫМДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ «JETISY MEDIA» АҚПАРАТ АЛАҢЫНДА «АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ ӨТТІ. ЖИЫНДА БАСҚАРМА БАСШЫСЫ НҰРБАҚЫТ ТЕҢІЗБАЕВ ЖЫЛ БОЙЫ САЛАДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН ШАРАЛАР ТӨҢІРЕГІНДЕ КЕҢІНЕН СӨЗ ҚОЗҒАП, ЕСЕП БЕРДІ.

Бүгінде Алматы облысында дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін 3702 спорт құрылымдары жұмыс жасайды. Оның ішінде 26 стадион, 3 спорт сарайы мен басқа да түрлі спорттық кешендер бар. Өткен жылы алыс-жақын елдімекендерде 11 ДШСК пайдалануға берілсе, 2020-2021 жылдарға арналған 6 спорт нысанының құрылысы әлі жалғасуда. Алматы облысы әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, 2020 жылы өңірдегі дене шынықтыру мен спорт саласын дамытуға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, спорттық нысандарды жарақтандыруға жұмсалыпты. Бұл жөнінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы да нақты дәйектер келтірді.

– *3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыстары, жергілікті бюджеттен Ақсу және Райымбек аудандарындағы 2 ДШСК құрылысы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында, ал Талдықорған қаласындағы орталық жүзу бассейні мемлекеттік жекешелік әріптестігі желісі бойынша салынуда. Бұл нысанды 2021 жылдың басында іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар, 2020 жылдың желтоқсан айында Қарабұлақ, Балпық би кентіндегі 2 ДШСК іске қосылса, биыл Қапшағай қаласынан біреуі салыну көзделуде. Бұдан басқа 4 ДШСК мен 6 спорт кешені құрылысының жобалық-сметалық құжатнамасы әзірлену үстінде,* – дейді ол.

Еске салсақ, өткен жылы Елбасы тапсырмасына орай Қарасай ауданы Райымбек ауылында жекпе-жек пен күш қолданылатын спорт түрлерінің әмбебап дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынған болатын. 180 орынға арналған жобаның жалпы құны 1,8 млрд. теңгені құрайды. Мұндағы құрылыс алаңы 3,6 мың шаршы метр, барлық құрылыс жұмыстарын МЖС шеңберінде «Элитстрой проект» ҚК» ЖШС мердігер компаниясы жүргізген еді. ДСК негізгі 3 бөліктен тұрады. Бірінші блокта күреспен және бокспен айналысатын залдар, сол сияқты тренажерлық жаттығу жасайтын орын бар. Екінші блокта тілек білдірушілер шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, үстел теннисін ойнап үйрене алады, сонымен бірге бимен және түрлі сауықтыру гимнастикаларымен айналысуға мүмкіндік жасалған. Үшінші блоктағы мүмкіндігі шектеулі 6 адамға арналған орынды қоса алғанда 325 көрерменге арналған орны бар трибуналы әмбебап зал минифутбол, волейбол, гандбол ойындарына арналған. Сонымен қатар, ДСК-ның қоршалған аумағында күндіз және түнгі уақытта футбол ойнауға арналып жасанды жабын төселген футбол алаңы, сол сияқты балалар ойын алаңы мен тренажерлық алаң орналасқан.

Ал жыл соңында Алматы облысындағы 10-шы спорттық-сауықтыру кешені ашылды. Қарабұлақтағы бұл нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша салынған. Оның құрылысына жергілікті бюджет есебінен 1,3 млрд. теңге жұмсалып, барлық қажетті спорттық заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлеріне арналған бұл әмбебап дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде боксшен, күреспен, дзюдомен, таеквондомен, ауыр атлетикамен, футбол және волейболмен айналысуға барлық мүмкіндік жасалған.

Тек бұл ғана емес, 2020 жыл өңірдің спорт саласы үшін толайым табыстарға толы болды. Н. Молдахметұлының айтуынша, салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында 2020 жылдың басынан 570 республикалық және облыстық іс-шаралар өткізіліп, оған 46 мыңға жуық адам қатысқан.

– *Облыс спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда 853 медаль еншілеп, аймақтың мерейін үстем етті. Атап айтсақ, онлайн форматта өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем кубогында Абылай Әуелханов алтын, Ыбырай Гүлнұр қола медальдарды иеленсе, велосипед спортынан өткен Азия чемпионатында Денис Сергиенко күміс және Дамир Тұрсынқали қола медальды қанжығалады. Әйелдер күресінен өткен Азия чемпионатында Жамиля Бақбергенова алтын және Аяулым Қасымова күміс жүлдені еншілеп, пауэрлифтингтен Әлем кубогінде Буймов Захар мен Максим Тен жеңіс тұғырынан көрініп, алтын медальды жеңіп алды. Ал шахматтан 10 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында онлайн режимінде өткен Әлем чемпионатында Қалиахмет Елназ күміс медаль алды,*– дейді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, сайыс саңлақтары 2021 жылы Токио қаласында (Жапония) өтетін XXXII жазғы Олимпиада облыс споршылары грек-рим күресінен, садақ атудан, жеңіл атлетикадан, велосипед спортынан және ауыр атлетикадан 8 жолдама ұтып алған.

Аймақтың спорт саласында биылғы атқарылған жұмыстар нәтижелі болып, карантин кезінде де онлайн жарыстар өткізіліпті. Бұған қоса, бұқаралық спортты дамыту барынша қолға алынып, интеллектуалды ойындарға үйде отырған жастар мен жасөспірім балалар көптеп тартылған екен. Нақтылай кетсек, 41 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 70 спорт түрімен 38 880 спортшы шұғылданды. Ал өткен жылы осында 20 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 124 спорт шебері, 375 спорт шеберлігіне үміткер және 166 бірінші дәрежелі спортшы дайындалған. Баспасөз мәслихаты соңында Нұрбақыт Теңізбаев дене шынықтыру және спорт саласындағы көрсеткіштерді жақсарту және жоғары жетістіктерге жету бойынша жұмыс жалғасатынын тілге тиек етті.

Л.КӘЛІМХАН

АУЫС-ТҮЙІС

КОНСТАНТИН КЕТТІ, РИНАТ КЕЛДІ

«Жетісу» футбол клубының бас бапкері араға ай салмай жатып тағы да ауысты. Осыған дейін бас бапкер болып тағайындалған Константин Горовенконың орнына 31 жастағы Ринат Алютеов келді.

Жаңа бапкердің көмекшілері болып Рус-там Усманов пен Денис Мамонов тағайындалды. Ал қақпашыны дайындайтын бапкердің орны әзірге бос тұр. Жылдың басында тағайындалған Константин Горовенконың көп уақыт өтпестен бапкерліктен кетуі жұмбақ болып отыр.

Айта кетейік, Шығыс Қазақстанның тумасы Ринат Алютеов осыған дейін Өскемендегі «Алтай» футбол орталығында, сондай-ақ, жасөспірімдерді дайындайтын «ALASH» орталығының жетекшісі қызметін атқарған. Былтыр «Жетісу-Б» командасының бапкері болып, Бірінші лигада өз конференциясы бойынша екінші орын алды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БОКС

Алматы қаласындағы республикалық спорт колледжінің спорт кешенінде бокстан жастар арасындағы Қазақстан біріншілігінің жалауы желбіреді. Бұл туралы olympic.kz сайты мәлімдеді.

ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

2003-2004 жылы туған жастар арасындағы жарысты Қазақстан бокс федерациясы, Алматы қалалық спорт басқарамасы және қалалық бокс федерациясы ұйымдастырған. Байрақты бәсекеде республикамыздың әр өңірінен жиналған дарынды жастар бірнеше күн бойы жұдырықтасып, 46 кило, 49 кило, 52 кило, 56 кило, 60 кило, 64 кило, 69 кило, 75 кило, 81 кило, 91 кило және +91 кило салмақ дәрежелерінің жүлделерін сарапқа салады.

Чемпионат республикалық спорт колледжінің ғимаратында өтеді. Алматыдағы ел біріншілігінің қорытындысы бойынша биылғы жылы өтетін халықаралық додаларда Қазақстанның намысын қорғайтын жастар іріктеледі. Жарыс қорытындысы бойынша бапкерлер 10-24 сәуір аралығында Польшаның Кельце қаласында өтетін жастар арасындағы әлем чемпионатына команда жасақтайды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КӘСІПКЕРГЕ КЕҢЕС

ОНЛАЙН ДҮКЕН ЖАЙЫН ОЙЛАЙЫН ДЕСЕҢІЗ

Қазір нарықта аты да бөтен, заты да бөлек мамандық пайда болды. Әлеуметтік желіні тиімді пайдаланып, салық пен арендалық шығыннан бойын аулақ ұстаған ақылды кәсіп иелері күн санап артуда. Міне, сол дүкендердің витринасын көрер көзге тартымды етіп, саудасын қыздыратын адамды SMM маманы дейді. Инстаграм желісінде онлайн дүкен ашып, базарының «әп, бісміллəсін» неден бастарын білмей жүрген оқырмандарымыз үшін маман кеңесін ұсынамыз.

Мысал ретінде Алматы қаласындағы тек қазақша кітап сататын «Qazyna» дүкенінің инстаграм парақшасын талдап көрелік:

1.Дүкен атауы немесе инстаграм тілімен айтқанда логиніңіз тез жатталатын, оңай жазылатын болса керемет. Тым күрделі атауды қойып, тұтынушыға қиындық туғызбаған абзал. «Іздеу» жүйесіне сіздің атауды терген- де символдық қателік кетпегені жөн.

2.Бұл жерге сататын тауарыңыз не ұсынатын қызметіңіз жазылады. Тауарыңызды іздеген адам адаспай сізге келсін десеңіз, осы пунктті сауатты толтыруға тырысыңыз. Дүкеніңіз орналасқан қала атауын да жазуға болады. Мысалы: «Әйелдер киімі / Талдықорған». Енді киім іздеген талдықорғандық қыз-келіншектер сіздің дүкеннен табылатынына сеніңіз.



3.Инстаграм тілінде мұны «шапка» дейді. Парақшаңызға кірген тұтынушының назары алдымен осы пункте түседі. Қандай да бір қажеттілігін шешетінін білсе, парақшаңыздың оқырманына айналады. Символ саны шектеулі. Берілген 150 символға ықшамдап, қандай пайда бере алатыныңыз жайында қысқаша ақпарат жазыңыз. Кей жағдайда бұл орынға жұмыс регламентін, мекенжайын жазады.

4.Бұл пунктты «мәңгілік сторис» деп атайды. Қызметіңізге не тауарыңызға риза болған тұтынушылар пікірін, басқа аймақтарға жеткізу қызметін, тауар бағасын т.б қажетті мәліметтерді топтастырып, осы дөңгелекшелерге орналастырасыз. Визуалды эстетикаға сай дөңгелекше ішіндегі суреттер мен белгілер бірдей фонда, бірдей реңкте болуы тиіс. Бір әттеген-айы, біз мысал еткен парақшада бұл талап ескерілмепті. Байқасаңыз, шашыраңқы фон парақша сәнін кетіріп тұр.

Ал, бесіншісі ол әрине, пост. Суреттердің де визуалды түрде орналасу реттілігі бар. Түстер үйлесім тауып, суреттегі элементтер қаланған кірпіштейін мінсіз болғаны дұрыс.

P.S Осы талаптарды қатаң сақтай отырып, тәуліктің 3-4 сағатын әлеуметтік желіге бөлер болсаңыз, кәсібіңіз нәсібін тауып кетері сөзсіз. Бұл сала тәуекел мен қажырды қажет етеді. Айтпақшы, «бәсекелестік» деп аталатын тойтарыста бәсіңіз жоғары тұрсын десеңіз, хат болып жеткен тұтынушы сауалына дер кезінде жауап беріңіз. Уақыт тығыз, бәсекелес көп. Сұранысын қанағаттандырмаған клиентіңіз өзге дүкеннің қалтасын қампайтуы әп сәтте.

КҮНТІЗБЕ

МЫҢ ЖЫЛДА БІР КЕЛЕДІ

Кешегі күні мың жылда бір туатын датаны хабарлап, бірін-бірі құттықтаған жандардың хаты әлеуметтік желіде қолдан-қолға тарады. XXI ғасырдың, 21-жылының, 21-күнін көру бақыты маңдайымызға жазылыпты. Астрологтардың жылға қатысты болжамы жаман емес. «Жақсы сөздің жарым ырыс» екенін ескеріп, оң көзқарас таныта білгеніміз жөн болар. Ойдың заттанатыны жайлы зерттеу жүргізген ғалымдар пайымы бекер болмаса керек.

Сиыр – молшылық пен берекенің белгісі екенін жыл кіре салысымен жарыса айтып, жақсыға баладық. Белгілі астролог Ерлан Мұқашев болжамының 80 пайызы дұрыс келетінін айтады. Оның айтуынша, келер жылы әлемді түрлі өзгерістер күтіп тұр екен. *«Тышқан жылы басталғалы бері көп қиындық туындағаны рас. Бірақ жаңа 2021 жыл өткен жылға қарағанда жағымды әрі жайлы болады. Халыққа жаз айларындағыдай қатты ауыртпашылық түспейді. 2021 жылдың екінші жартысында елдің ахуалы бірқалыпқа келеді. Жыл соңына дейін ақырындап вирустың тарау екпіні төмендеуі тиіс»*, - дейді астролог. Оның айтуынша 2021 жыл – жаһандық өзгерістер жылы деп болжануда. *«Индивидуализмге көбірек көңіл бөлінеді. Әлемдік жағдай үнемі өзгерісте болып, жаңа дүниелер жиі жарияланып отырады. Жастардың білім алу жолында да жағымды жаңалықтар күтіледі»,* - дейді маман.

Ал, нумеролог маман Айдана Кәкеннің болжауы бойынша, өткен жыл тазару жылы болса, келер жылы сол бейнеттің зейнетін көруге мүмкіндік туады дейді. *«2021 жылға келсек, жылдың ең мықты тербелісі 5 санын береді. Бес саны қашанда үздік сан болып есептеледі. Бестік баға, бес жұлдыз деп айтып жатамыз ғой. Өткен 2020 жыл 4 санына, яғни, қаталдықтың, тәртіптің, тазару мен адамдардың тұрақтылыққа келу жылы болса, келер жыл сол бейнеттің зейнетін көретін, аяқтан нық тұратын жыл болады»*, - дейді.

Тылсым ғылым түріне еніп, сол салада еңбек етіп жүрген астролог, нумеролог сынды мамандар пікіріне сенім білдірмейтін жандар жетерлік. Алайда, аузынан жақсы лепес шығып, келер күнге деген үмітімізді жетелеп отырса неге мән бермеске? «Әумин» десіп, періште құлағына шалынуына тілектес болғанның еш сөкеттігі жоқ. Асыл дінімізде де «Жақсы сөз сөйлеңдер. Әйтпесе үндемеңдер» демеп пе еді? Ендеше келер күннен үміт үзбелік.

ЗАМАНА

Бүгінде карантиндік жағдайға байланысты үйде отырып-ақ табыс табудың жолдары жетерлік. Әсіресе, бала күтіміне байланысты от басы, ошақ қасында отырған келіншектер үшін бірнеше кәсіп түрін тізбектеп көрдік. Бүгінде әйелдер қауымы қол қусырып қарап отырғаннан көрі, жаңа кәсіпті игеріп табысқа кенелгенді жөн көруде.

ҮЙДЕ ОТЫРЫП ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАТЫН 5 КӘСІП

Кондитерлік өнімдер дайындау

Тәтті дайындауда ебіңіз болса, үйіңізді кішігірім кондитерлік цехқа айналдырсаңыз болады. Торт, бәліш, пирог пісіріп, тапсырыс қабылдап, әлеуметтік желі арқылы сатуға болады. Арнайы рецепттер мен әдіс-тәсілдер YouTube желісінде жетерлік. Үйреніп алыңыз да, алғашқы уақытта шағын ассортиментпен бағасын ұсынасыз. Бармағыңыздан бал тамған аспаз болсаңыз бір тапсырыс берген адам тұрақты тұтынушыңызға айналары сөзсіз.

YouTube арқылы табыс табу

Біреулер үшін бұл жай ғана хобби, ал біреулерге нағыз бизнес көзіне айналып отыр. Сіздің дайындаған видеоларыңыз қызықты, көрерменге пайдалы, лайк пен пікір жинай алатындай болуы шарт. Егер миллиондаған көрермен жинай алсаңыз, онда жолыңыз болғаны. Әрине сізге бейнекамера, смартфон, монтаждаушы бағдарлама, компьютер, интернет сосын ең бастысы креативті идея керек.

Копирайтинг

Сатылымдық мәтін жазу арқылы айына 300 мыңға дейін табыс табуға болады. Өзіңізді копирайтер ретінде қалыптастырып, желіде белсенді болуыңыз керек. Сізге сенім артқан тұтынушылардың арқасында танымалдылығыңыз артады. Тиісінше, тапсырыс беруші де көбейеді. Кез-келген онлайн дүкен немесе өз қызметін ұсынатын психолог, дәрігер, массажист, косметолог сынды мамандар копирайтерді қажет етеді. Грамматикалық тұрғыдан сауат пен ұқыптылық басты назарда болмақ.

Студенттерге арналған қызмет түрлерін ұсыну

Студент кезіңізде тым белсенді әрі озат болған шығарсыз? Онда сізге табыс әкелетін тағы бір сала бар. Курстық жұмыс, реферат, баяндама, эссе жазу, емтихан сұрақтарына жауап дайындау, есеп шығару, түрлі сызбаларды сызу, дипломдық жұмыс жазу, зерттеу жұмыстарын орындау, түрлі кеңес беру т.б. Бастапқы капиталды қажет етпейді. Дегенмен, алданып қалудан сақтану үшін алдын-ала төлем немесе бөліп төлеумен келісімге отырған жөн.

Тігіншілік

Үйде отырып атқаруға болатын ең тиімді бизнестің бірі – тігіншілік. Киім қысқарту, көрпе тігу, перде тігу әрқашан сұранысқа ие. Әрине, оның сәнді, барлығына ұнамды болуы үшін кәсібилік қажет. Бұрын соңды киім тігіп көрмеген болсаңыз, ең оңай әрі тиімді жолы – бас киім немесе тюрбан тігіп сату. Қазақы нақыштағы көйлектер де нарықта көп кездеспегендіктен, арнайы тіктіріп киетіндер бар. Оюөрнекке жақын болсаңыз, осы саланы неге байқап көрмеске?

Бетті әзірлеген Д.БЕРЕКЕТ.

КӨҢІЛ АЙТУ

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, «Тақиялы періште» атанған актер

Әлімғазы Райымбековтың

өмірден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

«Офсет» баспаханасы және «Алатау» редакциясы ұжымы.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 87

Индекс 15534